ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
IT-инжиниринг кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
PhD, доцент
_____ Т.С. Картбаев
«____» _____ 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: Медициналық орталықтарға арналған «Дәріхана» ақпараттық жүйесін құру

Мамандығы: 5В060200 – «Информатика»

Орындаған: Қарсыбай И.Б. Тобы: ИНФк-15-1
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Тоғжанова К.О.

Кеңесшілер:
Экономикалық бөлім: аға оқытушы _____ С.К. Тулегенова
«3» 05 2019 ж.

Өміртіршілік қауіпсіздігі: т.ғ.д., аға оқытушы _____ Ш.Ш. Бекбасаров
«10» 03 2019 ж.

Есептеу техникасын қолдану: аға оқытушы _____ Ж.С. Айткулов
«13» 05 2019 ж.

Норма бақылаушы: аға оқытушы _____ К. Мукапил
«15» 05 2019 ж.

Сын-пікір беруші: т.ғ.к., доцент _____ Д.М. Ескендирова
«____» _____ 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқару жүйелері және ақпараттық технологиялар институты

IT-инжиниринг кафедрасы

Мамандығы 5В060200 – «Информатика»

Дипломдық жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Білім алушы Қарсыбай Инабат Бауыржанқызы

Жобаның тақырыбы: Медициналық орталықтарға арналған «Дәріхана» ақпараттық жүйесін құру

2019 жылғы «01» наурыз № 33 университет бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі: «24» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері (зерттеу (жоба) нәтижелерінің талап етілген параметрлері мен объектінің бастапқы мәліметтері): Ұсынылып отырған дипломдық жобада медициналық орталықтарға арналған «Дәріхана» ақпараттық жүйесін құру барысында PHP скрипт тілі, HTML гипермәтіндік тілі, CSS каскадты стильді кестелер тілі, MySQL мәліметтер қоры және frontend пен backend-та жұмыс жасайтын объектілік бағытталған программалау тілі JavaScript тілін қолданамын.

Дипломдық жобада қарастырылған мәселелер тізімі немесе дипломдық жобаның қысқаша мазмұны:

- талдау бөлімі;
- жобалау бөлімі;
- жүзеге асыру және тестілеу бөлімі;
- экономикалық бөлім;
- өміртіршілік қауіпсіздігі;
- А қосымшасы. Техникалық тапсырма;
- Ә қосымшасы. Программа листингі;
- Б қосымшасы. Ендіру актісі.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): 13 кесте, 31 сурет ұсынылған.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1 Кузнецов М., Симдянов И. Объектно-ориентированное программирование на PHP. – СПб.: БХВ-Петербург, 2007. – 267 с.

2 Кузнецов М., Симдянов И. MySQL на примерах. – СПб.: БХВ-Петербург, 2007. – 484 с.

3 Гаффин А. Путеводитель по глобальной компьютерной сети Internet. – М.: Артос, 2006. – 274 с.

4 Хокинс С. Администрирование Web-сервера Apache и руководство по электронной коммерции. – М.: Вильямс, 2001. – 376 с.

Дипломдық жобаның бөлімдеріне қатысты белгіленген кеңес берушілер

Бөлімдер	Кеңесшілер	Мерзімі	Қолы
Экономикалық бөлім	Тулегенова С.К.	3.05.2019 ж	
Өміртіршілік қауіпсіздігі	Бекбасаров Ш.Ш.	19.02.2019 – 10.03.2019	
Программалық қамтама	Айткулов Ж.С.	01.03.2019 – 30.04.2019	
Норма бақылау	Мукапил К.	04.04.2019 – 20.05.2019	

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Талдау бөлімі	15.01.19 – 31.01.19	Орындалды
Жобалау бөлімі	01.02.19 – 28.02.19	Орындалды
Жүзеге асыру және тестілеу бөлімі	01.03.19 – 20.03.19	Орындалды

Тапсырманың берілген күні «29» қазан 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Т.С. Картбаев

Жобаның ғылыми жетекшісі _____ К.О. Тоғжанова

Тапсырманы орындауға алған
білім алушы _____ И.Б. Қарсыбай

Аңдатпа

Ұсынылып отырған дипломдық жобада «Дәріхана» ақпараттық жүйесінің бағдарламалық қамтамасын құру жүйесі көрсетілген.

Фармацевтикада дәрі-дәрмек сату есебін жүргізудің ыңғайлы құралдары бар программаны құру бұл дипломдық жобаның мақсаты болып табылады.

Түсініктеме жазбада программаға қойылатын талаптар анықталған, оның қызметі мен функциялары, кіріс және шығыс деректері сипатталған, деректер қорының жобалануының әдістемесі сипатталған, деректер қорының моделі құрылған.

Қосымшада программаның техникалық тапсырмасы және программа листингі көрсетілген.

Аннотация

В предложенном дипломом проекте представлена разработка программного обеспечения информационной системы «Аптека».

Целью данного дипломного проекта является создание программы с удобными средствами ведения лекарственных отчетов в фармацевтике.

В пояснительной записке определены требования к программе, ее назначение и функции, описана методика проектирования баз данных, построена модель базы данных.

В приложении представлены техническое задание и листинг программы.

Annotation

The proposed diploma project presents the development of software information system «Pharmacy».

The purpose of this diploma project is to create a program with convenient means of conducting drug reports in the pharmaceutics.

The explanatory note defines the requirements for the program, its purpose and functions, describes the methodology of database design, built a database model.

A requirement specification and program text are presented in an appendix.

Мазмұны

Кіріспе

Күнделікті өмірде жан-жағыңа қарасаң, ақпараттық технологиялар элементтерін әрбір жерден көруге болады. Мысалы, көшеде тұрған банкоматтар, дәріханаларда, дүкендерде сатушылар қолданатын компьютерлер, сол сияқты тағы басқа салалардағы ақпараттық технологиялардың көріністері. Келе-келе мұндай ақпараттық технологиялар адамзат шаруашылығының әр саласына ене бастады. Ал үлкен жетістік ол – ақпараттық жүйелер. Мәліметтер қорлары үлкен-үлкен талай шаршы метр алатын мұражайларды алмастырды. Бірақ бұл шешімдер тек жергілікті, локальды түрде ғана жауап бере алды. Үлкен жүйелерді автоматтандыратын қажеттілік пайда болды. Яғни, кішкене ғана процесті бейнелейтін емес, сол процестерді жиып, бір-бірімен байланыстырып, орталықтан басқарылатын жүйелер жасау керек болды. Мысалға, ондай жүйелердің ең жарқын көріністері: денсаулық саласында, саудада, теміржол қозғалысын автоматтандыруда, банктік жүйелерде және т.б.

Қазіргі заман адамы өз өмірін жаңа ақпараттық технологиялардың қолдануынсыз сипаттай алмайды. Сонымен қатар, қазіргі таңда әлемде таралған ақпараттар легі тым үлкен. Ақпаратқа түрлендіруші, анықтаушы қасиет тән. Информатика индустриясын құру және ақпараттық өнімнің тауарға айналуы қоғамда терең әлеуметтік өзгерістерге алып келеді. Ақпарат материалдық өндірістен әлеуметтік салаға дейінгі қоғамның барлық салаларын қамтиды.

Сонымен қатар іздеу жүйесі пайдаланудың ыңғайлылығымен ерекшелінеді. Соңғы кезде көптеген адамдар ақпараттың бәрін компьютердің мәліметтер қорында сақтауды дұрыс деп шешті. Оның көптеген себептері бар. Дүние жүзін айналып жатқан ақпараттар өте көп. Олар уақыттың өтуімен әрдайым ұлғайып отырады. Сол себепті кез-келген үлкен немесе шағын мекемелерде мәліметтерді басқару күрделі болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін кейбір мекемелер сөрелерді қолданады. Бірақ бұл сөрелерден керекті мәліметті табуға көп уақыт керек, әрі ондай сөрелерде маңызды қағаздарды сақтау қауіпті болғандықтан, соңғы кезде көптеген мекемелердің қызметкерлері мәліметтер қордың қолданылуы сөрелерге қарағанда бір шама тиімді деп тапты. Ол сапалы сақтайды, үлкен көлемді мәліметтерді құрайды, белгілі бір жүйеге келтіреді, әрі іздестіру уақытын азайтады. Бүгінгі күннің өзінде мәліметтер қорынсыз қаржы, сауда және сол сияқты көптеген мекемелер жұмысын елестету мүмкін емес. Компьютердегі мәліметтер қоры өте тиімді болып табылады. Себебі, ол бізге өз ақпараттарымызды көп орын алатын сөрелердегі көптеген қағаз беттерінде сақтамай-ақ өзіміздің компьтерімізде ғана сақтауға мүмкіндік береді, әрі мұнда сақтау қауіпсіз болып табылады.

Жалпы деректерді өңдеу жүйесінің әкімшілігі дами отырып, автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді басқаруға қарқынды көшуде.

Автоматтандырылған ақпараттық жүйелер – ЭЕМ мен адамның өзара

қарым-қатынасын қамтамасыз ететін, программалық-аппараттық құралдар жиынтығы. Ол келесі функцияларды іске асырады:

– ЭЕМ-ге ақпараттарды енгізу мүмкіншілігі;

– ЭЕМ-нен ақпаратты мониторға, принтерге және т.б. шығару.

Мамандандырылған деректер қорын басқару жүйесі медициналық, бухгалтерлік, банктік және тағы басқа жұмыстардағы деректерді басқару үшін құрылады.

Тапсырыспен жасалатын мәліметтер қорын басқару жүйесі тапсырыс берушінің максималды дәрежеде медицинаның жұмыс спецификациясын есепке ала отырып жасалынады. Қолданушыдан маманды білімді талап етпейді.

Жалпы осы берілген «Дәріхана» ақпараттық жүйесінің құндылығы, оның сақтау және өзгерту мүмкіншіліктерімен анықталады, сонымен қатар, уақыт өте келе жаңа ақпараттарды енгізуге болады және құрылымын өзгертіп, web-қосымша ретінде көрсетуге болады.

1 Талдау бөлімі

1.1 Ақпараттарды автоматтандыру жүйелері

Ғылыми прогресс – білімнің жоғарлауымен және ақпарат көлемінің көп болуымен сипатталады. Мұндай кең көлемдегі ақпараттарды басқару көп қиындық әкелері сөзсіз. XXI ғасыр жаңа технологияның пайда болуы, оның жедел өсуі мұндай мәселелерді шешуге жол ашты. Оны шешудің ең тиімді жолы – автоматтандыру. Қазіргі кезде біздің елімізде, шет елдерде де ақпараттарды автоматтандыру кеңінен қолданылады, оларды пайдаланылу салалары өте көп. Мұндай күрделі ақпараттарды автоматтандыру жүйелерді реттеу функциясын және алдыға қойылған тапсырманы шешу әдісін талдау қызметін атқарады.

Автоматтандыру – техникалық құрал-жабдықтарды, сондай-ақ энергияны, материалды және ақпаратты алу, түрлендіру, жеткізу, пайдалану процестеріне адамның тікелей не ішінара қатысуын босататын экономикалық материалдық тәсілдермен басқару жүйесін пайдалану. Онда [1]:

– технологиялық, энергетикалық, көліктік, тұрмыстық-өндірістік процестер;

– күрделі агрегаттарды, кемелерді, ғарыш кемелерін, өндірістік құрылыстар мен кешендерді жобалау;

– цехты, мекемені, сондай-ақ медицина саласы мен бөлімшелерді ұйымдастыру, жоспарлау және басқару;

– ғылыми зерттеулер, медициналық және техникалық диагностикалау сапасын жақсарту, статистика деректерін өндеу және есепке алу, бағдарламалау, инженерлік есептеулердің барлығы автоматтандырылады.

Жалпы автоматтандыру адамды материалдар, ақпараттарды жеткізу, өңдеу, сақтау, пайдалану процестерінен босату мүмкіндігіне ие.

Автоматтандырудың арқасында адамдар үлкен фармацевтикалық фирмалардағы тауарларды, мекемелердегі құжаттарды, банкідегі есептеулерді, теміржол жүйесін басқаруды, студенттердің мәліметін, сессия қорытындыларын және тағы басқа жүйелерді басқара алады.

Автоматтандырудың мақсаты – еңбек өнімділігі мен өнім сапасын арттыру, жоспарлау, басқару жұмыстарын тиімді етіп орындау, денсаулыққа зиянды жұмыстардан адамды босату.

Автоматтандыру – ғылыми-техникалық прогрестің басты бір бағыты.

Автоматтандырудың екінші бір пайдасы: уақытты үнемдейді және де басқаруды жеңілдетеді. Үлкен кешенді орындарды қолмен басқарудан гөрі оны автоматтандырған әлде қайда жеңіл.

Автоматтандыру дәрежесі – автоматтандыру құралдарын пайдаланып орындалатын операциялар мөлшерінің осы процесс операцияларының толық мөлшеріне қатынасымен анықталатын технологиялық процестің сипаттамасы [1].

1.2 Автоматтандырылған басқару жүйесі

Автоматтандырылған басқару жүйесі немесе АБЖ – ақпараттық және программалық құралдардың кешені, технологиялық процесс рамкаларында, өндірісте, кәсіпорында әртүрлі процесстерді басқаруға арналған. Автоматтандырылған басқару жүйесі әртүрлі өнеркәсіп салаларында энергетикада, көлікте және т.б. қолданылады.

Технологиялық процессті автоматтандырылған басқару жүйесі немесе АБЖ ТП – дәріхана саласында, өнеркәсіпте, энергетикада, көлікте техникалық объектілерді шапшаң басқару және бақылау мақсаттарын шешеді.

Өндірістік автоматтандырылған басқару жүйесі (ӨАБЖ) негізгі өндіріс процесстерімен қоса өндірісті ұйымдастыру мақсаттарын шешеді, кіру және шығу логистикасын жүзеге асырады. Өндіріс қуаттылықтарын есептей отыра, шығарудың қысқа мерзімді жоспарлауын, өнім сапа талдауын, өндіріс процесс үлгілеуін іске асырады [2].

Дәріхана қызметтердің қызметкерлерінің автоматты басқару жүйесінің элементтерін, болашақта олардың дамуын және қолдануын басқару қызметін қарастырамыз.

ЭЕМ-нің негізгі құрылғысы микропроцессор, бағдарламадағы әртүрлі операциялардың орындалуын қамтамасыз етеді. Осы уақытта 32-разрядты микропроцессорлар ең көп таралды, бірақ жақында олардың орнына 64-разрядты микропроцессорлар келеді. Разрядтық екілік кодта жұмысшы сөздің ұзындығын білдіреді. Микропроцессорлар жұмыс істейтін ырғақты жиіліктеріне қарай айырылады. Ырғақты жиілік және разрядтық неғұрлым көбірек болса, соғырлұм процессордың өнімділігі жоғарырақ. Сыртқы есте сақтайтын құрылғының (ВЗУ) әр түрлі үлгілері болады. Ленталық жинақтағыштар магниттік таспада ақпарат сақтау үшін қызмет етеді. Осы шақта бірнеше жүз гигабайт (1 Гб = 1024 Мб) ақпарат сақтай алады. Бұл құралдар әлдеқашан пайда болғанына қарамастан олар осы уақытқа дейін кең көп таралған, тап осы үлкен сыйымдылығына байланысты, резервті көшіріп алуға арналған және ақпаратты ұзақ сақтау үшін қолданылады. Диск тұлғалы жинақтағыштар осы шақта ең кең көп таралған.

Жиналған тәжірибелерді салыстырып қарасақ, автоматтандырылған басқару жүйелері келесі талаптарға жауап беруге тиісті деп айтады [2]:

– маманның ақпараттық және есептеуіш қажеттілігін дер кезінде қанағаттандыруы;

– пайдаланушының сауалдарына жауап ең аз уақытта берілуі;

– пайдаланушының дайындық деңгейіне және оның кәсіпшілік сауалдарына бейімделуі;

– АЖО-да жұмыс істеудің игеру қарапайымдылығы және қатынас жеңілдігі, жұмыс істеу сенімділігі және қызмет ету қарапайымдылығы;

– пайдаланушыға шыдамдылық;

– пайдаланушының тез үйрену мүмкіндігі;

– желі құрамында жұмыс мүмкіндігі.

1.3 Ақпарат жүйелерінің және мәліметтер қорының жалпы сипаттамасы

Қазіргі кезде ақпараттың маңыздылығы адам қоғамындағы шикізат, күш, азық қорларынан кем түспейтін негізгі ұғымдардың біріне айналып кетті. Адамзаттың кез келген іс-шараларының ақпараттық сұранысын әр деңгейде қанағаттандыру қажеттілігі болады деп тұжырымдауға болады. Мысалы, айта кетер болсақ, көшеге шықпас бұрын біз ауа-райы жайлы ақпарат алуға тырысамыз. Біздің барлығымыз ғылыми ақпарат таратушыларды айтпағанда, күніге газеттен, радиодан, телеарналардан, ғаламтордан түрлі ақпарат аламыз. Адам қоғамында ақпараттық жүйенің дамуы ақпарат үрдісінің және байланыс арналарының да дамуына себепкер болды. Ақпарат жинақтау және оның шектеулігінің нәтижесі тек адам қоғамындағы анықтауыш фактор ретінде ғана емес, сонымен қатар адамның өмір сүру қабілеттілігін арттыруда. Ақпарат көлемінің артуы адам өмірімен салыстыра отырып жалпы институттардың ашылуына (кітапхана, архивтеу, баспасөз, есептеу орталықтары және т.б.) және арнайы жүйелер (ғылыми-техникалық ақпараттандыру, анықтамалық қызмет, ақпарат таратушы бүкіл әлемдік компьютер желілерінің) пайда болуына себепкер болды. Есептеу техникасының және ақпараттық технологияның дамуы ақпаратты сақтауда, іздеуде, жекелей жаңа есептеу орталықтарының пайда болуына әкеп соқты. Мысалы, есептеу орталықтары адам өміріндегі табиғи газ, электро шам, су секілді маңызды ұғымдардың біріне айналуда.

Осылайша, ақпарат құндылығына және жобалау жүйесінің сенімділігін арттыруда ақпараттың электрондақ түрде болуының маңызы өте зор.

Ақпараттық жүйе (АЖ) ұғымын талқыламас бұрын алдымен ақпарат сөзінің мағынасын біліп алғанымыз жөн. Ақпарат (лат. informatio − мазмұн, талқылау, жеткізу) − мәтінге байланысты өте кең мағыналы абстрактілі түсініктеме. Бұл сөзді тар мағынада алғанда – белгілі бір формаға байланыссыз тәуелсіз хабарлама беру деген мағынада. (Стратонович Р. Л. Теория информации. М.: Сов. радио, 1975).

Мәлімет (лат. калька data) — кейбір ақпараттық үрдісте алмасуға, өңдеуге жарайтын деректер мен идеялардың белгілі бір түрде көрсетілуі. (Мәліметтерді ассоциациялаудың халықаралық жүйесі).

«Ақпарат» сөзінің айқын семантикалық шектеулігі жоқ, өте кең мағыналы ұғым. Алайда ақпаратты қалай қолдану керек екендігін айтуға әрқашан мүмкіндігіміз болады. Сондықтан да бұл сұрақ жүйелік талдаушылар мен АЖ жасаушыларды, ақпаратты қолданушыларды (негізгі тұтынушылар) бірдей қызықтырады [2].

Қолданушылар мен АЖ-ні жасаушылар көзқарастары бойынша ақпараттың маңызды бір қасиеті бар − ол өңдеуге жарайтын мәліметтердің бірлігі болып саналады. Әдетте ақпарат тұтынушыға мәліметтер түрінде келіп түседі, олар белгілі бір құрылымдағы және типтегі ақпараттан тұратын кестелер, графиктер, фильмдер, ауызша хабарлар болуы мүмкін. Осыған

байланысты ақпаратты жіберу, жинақтау, сақтау секілді белгілі бір формадағы құрылғылар ойлап табылды. Қазіргі уақытта «ақпарат» және «мәлімет» сөзі АЖ ғылымында синоним сөздер сияқты қолданысқа түсіп кетті, алайда олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтары бар.

«Форма» (қалып) сөзін ескере отырып, тағы бір айта кететін жайт «адамзаттың» ақпарат құрамына байланысты − әр адамға қалай жету жолдарына да байланысты болады. Мәліметтер белгілі бір құжат арқылы топтастырылып берілуі мүмкін. Ал құжат болса өз кезегінде белгілі бір ішкі құрылымды болуы да болмауы да мүмкін. Мәлімет – дербес компьютердің экранындағы дисплейде бейнеленуі де мүмкін. Сондай-ақ құжат аудио немесе видеоформа түрінде болуы да мүмкін. АЖ құрай отырып, оны кім қолданады (жүйені) және не үшін құрылып жатқанын естен шығармау керек. АЖ ақпарат ұсынуда тек «достастықты» ғана анықтамай, сонымен қатар қолданушылар категориясын көрсетеді. АЖ белгілі бір нақты қолданушылар тобынан және белгілі бір проблемалық бағытталған топтардан құрылуы тиіс.

Воройский Ф.С. анықтайды: ақпарат мәліметтер секілді біршама мағынасы бар (интерпретация) жүйелер жиынтығының ұғымы деп анықтама беріп кетеді. Осыдан кейін ақпаратты кодтау, оны қайта ашу жолдарын интерпретациялау мәселелері қарастырылған [3].

Осы анықтамадан кейін АЖ процесінде келесідей үш негізгі түсініктер қалыптасты, олар: ақпарат-мәліметтер, мәліметтер-мәліметтер, мәліметтер-ақпарат. 1.1-суретте ақпарат ұғымының екі жақты анықтамалары көрсетілген, олар: функциялық және ұсынылмалы. Олардың біріншісі – ақпараттың қолданылу ортасын көрсетсе, ал екіншісі – қолданылу барысында алынған нәтижелерді көрсетеді [3].

АЖ құру барысында ақпаратты қолдайтын және қолданушыға (сол сәттегі) ыңғайлы болу жақтарын қарастыру керек.

АЖ құру мақсаты – ол қолданушыларға керек ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, шарттарын қанағаттандыру және мәліметтерді сақтап қалу. АЖ бүтіндей пайдалану ақпаратқа қол жеткізу ұғымдарымен тығыз байланысты.

Ақпараттану бағытындағы ғылымдардың жедел дамуы ақпаратқа тез қол жеткізудің тағы да бір бағыты анықтады, олар компьютер негізіндегі электрондық-техник, яғни сандық және аналогтық түрдегі құрылғылар. Қазірга кезде АЖ деп аталатын жүйеге, аппараттық және программалық құрамдас, технология және дербес компьютердің күрделі құрылымдары жатады. АЖ құрылымы, аппараттық (hardware), программалық (software), коммуникативтік (netware), аралық қатпар (middleware), лингвистикалық және ұйымдастырылған технологиялық қамтамасыз етулер атты құрамдас бөліктерден тұрады.

Аппараттық қамту ақпараттық жүйенің негізі болып табылады. АЖ аппараттық қамтамасыз етудің есептеуіш-техникадағы атқаратын қызметі өте күрделі және оның маңызы зор, мысалы АЖ ақпарат таратылуына сондай-ақ көптеген техникалық құрылғылармен жұмыс жасайды. (ақпараттың

графикалық бейне түрінде болуы, аудио немесе видео құрылғылар, ақпарат жіберуде және т.б.).

Коммуникативтік (желілік) қамту АЖ программаның және ақпараттың коммуникативтік, яғни желі арқылы жіберілуіне жауап береді. Оның АЖ және Интернеттегі болатын АЖ атқаратын қызметінің маңызы зор болып табылады. АЖ орналастыруда да маңызды рөл атқаратын программалық қамтамасыз етудің бір түрі – аралық қатпар (промежуточный слой). Бұл АЖ программалық қамту түрі қызмет және сервистік қарым-қатынасқа жауап береді. АЖ мәліметтерді енгізуде, оларды машина тіліне аударатын құрылғыларға орналастырылуы, мәліметтер модификациясына жауап беретін ақпараттық қамтамасыздандырудың бір түрі программалық қамту болып табылады. Программалық қамтуды жүйелік (аппараттық-программалық мәселелерді шешуде, қазіргі кезде платформа деп аталады) және қолданушы (компьютерлік ортада қолданушының бизнес-логикасын арттырады) деп екі түрге бөліп қарастыруға болады [3].



1.1-сурет – «Ақпарат» терминінің мазмұны

АЖ лингвистикалық қамту ақпараттың мағыналық мазмұнын анықтай отырып және арнайы мәліметтерді іздеуге қойылатын ақпараттық

қаматамасыз ету түрі (профиль). Мәліметтерді индекстеуде, және олардың классификациясы осы қамтудың классикалық мағынасы болып табылады. АЖ күрделі құрылымды болғандықтан, ақпараттарды бөліп қарастыру үшін термин сөздер (тезаурус) және бірнеше түсініктер енгізілген. Мысалы, қолданушыларға қарай әрбір программаны оқитын арнайы процессорлар шықты (бухгалтерлік ақпараттар және т.б.). АЖ масштабы мен күрделілігінің артуына байланысты түрлі компоненттерді қосып жұмыс жасайтын (аппаратура, программалар және дербес қолданушы) қамтамасыздандыруының бір түрі – технологиялық-ұйымдастырудың да маңызы артып отыр. Осы АЖ дұрыс бағаланбауы жүйені енгізу мен шығаруда және қуаттылығында өз кедергілерін келтіреді. 1.2-суретте АЖ негізгі құрамдас бөліктері мен қызметтері көрсетілген.



1.2-сурет – Ақпараттық жүйенің анықтамасы

Бизнес үрдістерді автоматтандырғанда ұйымның немесе мекеменің бағдары қандай болуы керек? Тапсырмаларды жеңіл және түсінікті шешетін дәстүрлік және ертеден пайдаланылып келе жатқан әдістердің бірі (ақпарат инфрақұрылымының бастапқы этаптарында) автоматтандарылуға арналған. Мысалы, берілгендерді тіркеу, есептеулерді жазу, құжаттарды дайындау. Осындай конъюнкциялық құраммен даярланған АТ-қызметтердің нәтижесі жылдам әрі нақты алынуы мүмкін. Бұрынғы көзқараспен системалық талдауды тәжірибе десек те қателеспейміз. Алайда, бұл автоматтандырылған жүйе шамасы келгенше ғана жұмыс жасайды (АЖ ұйымды бөліктеп қарастыру оның негізгі факторларын анықтайды), екіншіден автоматтандыруға қаржы көп кетпейді. Аты аталған тәсілдер квалификациясы

жоғары емес қызметтерге арналған. Ерте ме кеш пе ол, ақпараттық инфрақұрылымның дамуында тоқтап қалады [3].

АЖ қазіргі кезде қолданылып отырған түрлері де бір кездері тоқтайтын фактор болып табылады. Сондықтан, болашақта оны қалай құру керек немесе қайта басынан түбегейлі өзгертіп құру керек пе деген сұрақтар тұрады. Әрине, басынан құру әрқашанда дұрыс нұсқа болып табылады. Ақпараттану әдістемесіндегі жобалаудың "жоғары-төмен" немесе "төмен-жоғары" әдістерін пайдалану керек. Алайда, ерте ме кеш пе қазіргі заман талабына сай қолданулар ұсынылады.

АЖ құрушылар әрқашан "орталық" (midlle of design) әдісін пайдаланады. Осылайша АЖ құруда немесе қайта жасауда итерациялық әдіс пайдаланылады және осының негізінде дами береді. Сонымен, жоғарыда айтылғандарды ескерсек, АЖ құрушы теоретиктердің талғамымен емес барлығы тек заман талабына сай болуы керек екендігі анықталады [2].

АЖ құрудың тұжырымдамалық негізгі ерекшелігі үрдістердің белгілі бір бағытта болуы − яғни, конвейер болмаған жағдайда да, ақпаратты технологиялық үрдістердің бірге жинақталуы. Осылайша бірнеше технологияның бірігуінің нәтижесінде ақпараттық жүйенің жылдамдығы артады, ақпараттық үрдістердің бір бөлігі болып кетеді және басқару құрылымының иерархиясын азайтады.

АЖ жеке құраммен бөліктеп қарастыру қолданушылардың да сұранысын көбейтетінін ескере кету керек. АЖ − ақпаратты құрудағы пирамиданың бір бөлігі іспетті. Сондықтан да АЖ құруда және пайдалануда бизнес-үрдістерді қайта құруға тура келеді немесе бір негіздері реинжинирингтегі бизнес-ережелері бойынша жұмыс жасау керектігі көрсетіледі. АЖ ұзақ мерзімде қызмет жасауы және пайдасы болуы үшін, оның жобасын анықтап құру керек және дұрыс жобалау керек.

Ақпараттық жүйелерді құруда және автоматтандырудағы негізгі тәсілдерді қарастырайық. АЖ программалық қамтудағы негізгі сұрақтардың бірі, мәліметтер мен программалардың сәйкестігі немесе ақпарат құруды есептеу алгоритмі. Бұл сұрақтың іргелі шешімі − қолданбалы программа мәліметтерге тәуелсіз жұмыс жасайды деген тұжырымдамамен жауап береміз. Оның орталық немесе жайылмалы орналасқан болуы шарт емес. Бұл тұжырымдаманың маңызы программаны мәліметтерден алшақтату емес олардың әрқайсысы бір-бірінен тәуелсіз жұмыс жасауын анықтау [3].

Мәліметтерді құруда және есептеуде қолданбалы программаның көмегінсіз семантикалық мағынада модификациялау арқылы шешу принципі қолданылады. 1962 жылы программа мен мәліметтерді тәуелсіз шешу (есептеу) МҚ құруға және ақпаратты қайта құруға әкеп соқты. Өткен ғасырдың 60 жылдарына дейін программалық қамту жеке файл ретінде жүзеге асқан болатын немесе оны тапсырмалық әдіс деп те атаған. Өткен ғасырдың 80-ші жылдары МҚ бағытталған программа негізіндегі тұжырымдамалар ұсынылды [3]. 1.4-суретте жоғарыда аты аталған тұжырымдамалар

көрсетілген. 1.3-суретте файлдық жүйедегі тұжырымдама, мәліметтер қорындағы тұжырымдама және объектілі-бағытталған тұжырымдама мәліметтерді құрудағы негізгі әдістері көрсетілген.

Инкапсуляция. Объектілер құрылымды және ол операциялар жиынынан тұрады. Объектілерге орындалатын операциялар әдістерді құрайды. Объектіні, оның операциялары арқылы манипуляциялайтын қолданушыға объектінің құрылымы көрінбейді. Объект нақты өмірдің абстракциясы ретінде қарастырылады.

Мұрагерлеу. Бір объектілерді аталық қасиеттерін сақтай отырып, басқа объектілерден туындатуға мүмкіндік беретін механизм.

Полиморфизм. Әртүрлі объектілер бірдей хабарлама алып, өздеріне атаулас әдістердің жүзеге асырылуына сәйкес олардан әрқалай әсер алуы алуы мүмкін.

Мәліметтерді өңдеу әдістері:

Тапсырмалық әдіс

*Маңызы:*программаны өзіндік мәліметтер блоктары және алгоритмдерімен берілген ішкі тапсырмаларға бөлшектеу.
Қиындықтар:
- мәліметтердің көптігі;
- мәліметтер мен программа арасындағы өзара байланыстар;
- жүйенің тұйықтығы;
- мәліметтерді өңдеу схемасының бұзылуы.

Мәлімет қорларының әдістері

*Маңызы:*мәліметтердің жеке логикалық құрылымын сипаттау, мәліметтеді өңдеу процедураларына бірдей көзқарас.
Қиындықтар:
- мәліметтерді көрсету мәселесі;
- персоналды оқыту мәселесі;
- реинжинирнг мәселесі.

Объектілі-бағытталған МҚ әдістері

*Маңызы:*ақпараттың(мәліметтер+ программалар) хабарламалар арқылы алмасатын (үрдістер қатынасы) объектілермен берілуі.
Қиындықтар:
- объектілерді (кластар) анықтау мәселесі;
- персоналды оқыту мәселесі;
- реинжинирнг мәселесі.

1.3-сурет – Ақпарат құрудың негізгі әдістері [3]



1.4-сурет – Ақпарат құрудың негізгі тұжырымдамалары [3]

Мәліметтерді сақтау программасының негізгі идеясы мәліметтер қорын құруда екі негізге бөліп қарастыру арқылы пайда болды, олар: логикалық бөлу және физикалық деңгейлеріне сай 1964 жылы IBM фирмасының қызметкерлері зерттеуінің нәтижесінде шықты.

Мәліметтер қоры ұйымының атқаратын қызметі өте маңызды. Алайда мәліметтер қоры деген тек бір ғана ұғымды бермейді, яғни ол бір негіздегі тұжырым ретінде қарастырылмайды. МҚ біртектес түсініктегі жанұялық құрам немесе программалық және аппараттық қамтамасыздандырулардың жиынтығы. Мәліметтер қорының бірнеше анықтамасы бар.

МҚ бірнеше анықтамасын қарастырайық [15]:

– мәліметтер қоры программамен байланысты емес, яғни программаға тәуелсіз жұмыс жасайды. Мәліметтерді құруда жалпы белгілі бір әдіс пайдаланылады. Егер мәліметтер қорының құрылымы бойынша қиылыспаған жағдайда, мәліметтер қорының жүйесі туралы айтылып кетеді;

– КОДАСИЛ мәліметтеріне сүйенсек, мәліметтер қоры дыбыстық көшірмелерден тұрады және олардың анықталған нақты схемасы көрсетіледі.

АЖ құрушы мәліметтер қорының концепцияларын пайдалана отырып, мәліметтерді белгілі бір анықтамаларға сәйкес топтастыра отырып құрады. Мұндай операцияларға "Қою" (Insert), "Қосу" (Add), "Өшіру" (Delete) және т.б жатады. Мәліметтердің декларативтік құрамына тілді анықтауды жатқызамыз. Ол МҚ мен қолданушы арасындағы қарым-қатынасты оқи алатын, АЖ концепция тілін түсінетін, сонымен қатар, программа интерфейсін дұрыс құратын болуы шарт.

Осылайша мәліметтерді манипуляциялау шартты түрге енеді. Тіл мәліметтерге қол жеткізу үшін және оның логикалық құрылымын сипаттағанда МҚ маңызды рөл атқарады. Мәліметтердің тіл манипуляциясы МҚ мәлімет элменттерінде алгоритм ұсынады.

АЖ құруда мәліметтер қорының концепциясын пайдалана отырып – бұл жүйені кім немесе не қолдайды деген сұрақ тууы мүмкін. Осыдан кейін Мәліметтер қорын басқару жүйесі (МҚБЖ) ұғымы енгізіледі. МҚБЖ түрлі операциялық платформаларда жұмыс жасайтын күрделі құрылымды программа болып табылады.

МҚБЖ-ның негізгі қызметі – қолданбалы программалар мен қолданылған программаларды бір-бірінен тәуелсіз етіп, мәліметтерді манипуляциялайды. Кейінгі уақытта мәліметтер қорында мәліметтерді құру процестерін тұжырымдамалық түрде жүзеге асыратын машиналық құрылымдары шығуда.

Алғашқы МҚБЖ мәліметтер қорының тұжырымдамаларынан кейін 4 жылдан соң яғни 1966 жылы шыққан. 1.5-суретте МҚБЖ негізгі қызметтері көрсетілген.

Мәліметтер қорын басқару жүйесі (Data-base Management System) деп, МҚ-ын құруға қажетті программалардың жиынтығы деп білеміз [15].



1.5-сурет – МҚБЖ негізгі қызметтері [15]

Жоғарыда мәліметтермен жұмыс жасау керектігі, ережелері жайлы айтылып кетті (тәуелсіз программалар принципі, МҚ тұжырымдамалары және т.б.). Мәліметтер арқылы ақпаратты ұсыну объектіге бағытталуын талап етеді. Сондықтан АЖ құрушы үшін объектіні жобалаудың маңызы зор. МҚ моделін таңдай отырып, қандай ақпараттық технологияны қолдану керектігін нұсқайды.

Мәліметтер моделі МҚБЖ таңдау мүмкіндіктерін шектейді, өйткені жеке алынған модель нақты мәліметтер моделін қолдайды.

Мәліметтерді жобалау МҚБЖ қолданушы мен компьютер арасындағы қарым-қатынас тәсілдерін де анықтайды.

Осылайша, мәліметтер моделі түсінігі ақпараттық жүйенің программалық-аппараттық кешен ретінде жүзеге асырылу мехнизмі тәуелді болатын, ақпараттану пәнінің іргелі түсінігі болып табылады.

Мәліметтер моделі дегеніміз не? Жалпы алғанда мәліметтер моделі деп мәліметтердің логикалық түрде ұсынылуын және олармен жүргізілетін операцияларды айта аламыз.

Мәліметтер моделі (Data Model) компьютер функциясына байланысты емес, программалық-аппараттық қамтамасыздандыруға тәуелсіз логикалық құрылым болып табылады [15].

Мәліметтерді өңдеудегі модельдеудің бірнеше маңызды аспектілеріне тоқталып кетейік:

– ақпараттық модельдеу;

– концептуалдық модельдеу (тақырыптық аймақтың семантикасын модельдеу);

– мәліметтерді логикалық модельдеу;

– физикалық модельдеу;

– мәліметтерге берілетін рұқсатты модельдеу;

– аппараттық ортада мәліметтерді физикалық түрде орналастыруды оңтайландыру.

Мәліметтердің ақпараттық жобасын қарастырайық. 1.6-суретте қазіргі кездегі жобалау түрлерінің иллюстрациясы келтірілген.

1.6-сурет – Мәліметтердің ақпараттық моделінің көрсетілуі [15]

Ақпараттық жобалаудың объектісі шынайы өмірдегі пәндік аймағы болып табылады. Кейде олардың бүтіндігін сақтап қалу үшін оларды итема деп те атайды. Объект құрамын атрибуттар деп атайды. Олар осы атрибуттар арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Аты аталған үш компоненттердің негізінде АЖ МҚ сыртқы сұлбасын береді. Мәліметтер құрылымы және мазмұны қолданушының қолдану ортасына қарай өзгеріп отырады. Компьютер бойынша сыртқы сұлба файлдық құрылымды сақтау үшін және ақпарат іздеуде қолданылады. Бұндай жағдайда мәліметтер құрылымы компьютерлік технологияға байланысты және оны құру нәтижелілігіне байланысты негізделеді. Мәліметтерді ішкі және сыртқы сұлба деп қарастыра отырып, ақпаратты модельдеу мәліметтердің барлық мәселелерін шеше алмайды. Дегенмен, МҚБЖ мәліметтер қорын қолдануда көптеген мүмкіндіктерді ашып береді. МҚБЖ зерттеуші топ ANSI/X3/SPARC мәліметтермен анық жұмыс жасайтын орта үшінші жақты аралық көзқарас деген қорытындыға келді (үш сұлбалы тұжырым ANSI/X3/SPARC). Бұл көзқарас (концептуалды сұлба деп аталады) компьютерде белгілі бір

тақырыптық аймақ бойынша бағыт бағдары жоқ, жалпылай қолданылады ол 1.7-суретте көрсетілген [15].

Концептуалдық сұлбаның негізгі мақсаты мәліметтер арасындағы қарым-қатынастың бұзылмай, интерпретациялы бірігіп мәліметтердің бүтіндігін сақтап қалу. Кез келген ақпараттың моделі МҚБЖ арқылы анықталады [21]. МҚБЖ-де мәліметтер құрылымының анықталуы құрылымдалған мәліметтер қорының түсінігіне алып келеді, яғни мұндай МҚ-дағы мәліметтер өзара байланыстағы элементтер жиынтығы түрінде көрсетілуі керек. Егер жаңа типтер мен байланыстарды орнатудың динамикалық үрдісі мүмкіндіктері пайда болса, онда құрылымдалмаған мәліметтер қорының түсінігіне келеміз. Сонымен қатар, детерминделген сұлбалы МҚ деп аталатын аралық нұсқаларда болуы мүмкін. Мәліметтер қорын осылай бөліп қарастыру ақпараттық жүйені жүзеге асыру үшін МҚБЖ-сін таңдау кезінде өте маңызды сәт болып саналады, өйткені нақты МҚБЖ әдетте нақты мәліметтер моделін қолдайды. Басқаша жағынан алғанда, мәліметтер қорының әрбір түрі үшін оларға сәйкес мәліметтер моделі қолданылады.



1.7-сурет – Үш сұлба тұжырымдамасы [15]

Қазіргі кезде мәліметтердің құрылымдалған қорлары үшін, мәліметтер элементтері арасындағы олар қолдайтын байланыстардың сипатына қарай, мәліметтердің логикалық модельдерінің негізгі үш түрін ажыратады: желілік, иерархиялық және реляциялық. Бұл модельдердегі жіктелу белгілері: байланыстың қаттылық (фиксация) деңгейі, модель құрылымының математикалық түрде көрсетілуі және рұқсат етілетін мәліметтердің типтері 1.1-кестеде көрсетілген.

1.1-кесте − Мәліметтер модельдерінің жалпы сипаттамасы

Мәліметтер моделі	Объектілер арасындағы байланыс сипаттамасы	Формальды көрінісі
Желілік	Жартылай қуатты байланыс	Өзгермелі граф
Иерархиялық	Қуатты байланыс	Ағаш тәрізді құрылым
Реляциялық	Ауыспалы байланыс	Біркелкі файл

1.8-суретте әр модельдің ерекшелігін бейнелейді. Модельдерді сәйкестендіріп қарағанда оның барлығы теориялық тұрғыда эквивалент екенін естен шығармау керек. Бұл фактінің дәлелдемесін Дж. Дейттің МҚ бойынша классикалық монографиясынан табуға болады. Бір модельдің екінші модельге түрленуі «желілік-иерархиялық-реляциялық» модельдер тізбегінде төбелердің еселенуі арқылы көрсетумен алынады [19].

Көп жағдайда МҚБЖ олар қолдайтын мәліметтер модельдерінің типтері бойынша жіктеледі. Сондықтан МҚБЖ-ні желілік, иерархиялық және реляциялық түрлерге ажыратады. Дегенмен, мәліметтерді өңдеу тәжірибесінде МҚБЖ мәліметтер қорының нақты типін қолдау қабілетіне байланысты сипатталады. Жалпы жағдайда МҚ мына түрлерге бөлінеді:

– әртүрлі құжаттардың интегралданған деректер жиынтығын сақтайтын фактографиялық тип;

– құжаттарды сақтауға бағытталған құжаттамалық тип;

– екеуіне де сай қызмет көрсететін құжаттамалы-фактографиялық тип.

Сонымен, CDS/ISIS МҚБЖ түйін сөздер арқылы индекстелген құжаттармен жұмыс жасауға бағытталған. ADABAS МҚБЖ фактографикалық МҚ-мен жұмыс жасауда ыңғайлы, ал ORACLE атты МҚБЖ - мәліметтер қорының екі түрлі типіне де сай келеді. МҚ зерттеу жұмыстары әлі де аяқталған жоқ: МҚ енгізудің жаңа типтері де шығуда және жалғаса береді (белсенді, дедуктивті, реляцилық, МҚ графикалық түрі және т.б.).

Көптеген жағдайда АЖ құрушылыр үшін МҚБЖ сипатына қарай бөліктеп қарастыру ыңғайлы: орталықтандырылған және үлестірілген. Үлестіріп өңдеуді қолдану кезінде транзакциялардың өңделу сипатына көңіл аударған қажет, өйткені транзакция жүйенің өнімділігіне әсерін тигізеді. Жалпы жағдайда транзакция деп қолданушының мәліметтер қорынан талап

етіп отырған жұмыс бірлігінің өңдеу сипатынан тәуелсіз түрде берілуін атайды. Көбіне транзакция нәтижесінен кейін мәліметтер қорының басқа жаңарған түрі құрылады немесе МҚ басқа да іс-әрекеттерді орындауға тура келеді. Осыған орай МҚБЖ-дегі ақпараттың бүтіндігін қамтамасыз ететін, ақпаратқа қол жеткізуге шектеу қоятын және т.б. ішкі жүйелік іс-әрекеттер орындалады.



1.8-сурет – Мәліметтер модельдерінің негізгі түрлері [19]

Қайта құруды орнықтыруда транзакцияның көптеген әдіс тәсілдері бар. Болып жатқан транзакциялардың барлығы қай жерде жүйеленеді деген сұрақ туы да мүмкін: компьютер файлын қолданушыларында немесе компьютердің желілік бөлімінде деген жауап ала аламыз. Қолданушының сұранысына қарай уақыты да жүйелене береді. «Қолданушы сұранысына қарай уақыт» параметрі жүйелік жұмыс жасауда анықтамалық ретінде пайдаланылады. Ақпараттық жүйелердің архитектуралық классификациясы басқа да классификация түрлері секілді «аса қуатты» емес екенін ескеру керек.

1.4 Қолданылатын программалық қамтамаларды талдау

1.4.1 Программалық кешенді құру үшін PHP технологиясын пайдалану

PHP тілінің басты артықшылықтарының бірі – оның HTML кодына тура енгізілетіндігінде. Сондықтан программистке HTML-ды шығару үшін көптеген командалардан тұратын бағдарлама жазуының қажеті жоқ.

<html>
<title><? print ”Hello world!”;?></title>
</html>

“Hello world!” хабарламасы web-парақтың тақырыбында шығады. Қызығы, әдете PHP-дің экрандайтын тізбектері <?...?> деп аталатын print командасы аяқталған бағдарлама болып табылады. Инициализациялаудың ұзын кодтарын және кітапхананы қоспай, бағдарлама тек берілген есепті шешетін кодтан ғана тұрады. PHP сценарилерін орындау үшін PHP программалық қамтамасын серверде орнатып, күйге келтіру керек.

PHP Windows NT және Unix-тің көптеген версияларында жұмыс жасайды. Ол Apache-дегі модуль ретінде жіберіле береді. Егер жіберілу Apache модулі түрінде болса, PHP оңай және жылдам жұмыс жасайды. Бұл кезде процессті жасауға байланысты туындайтын қосымша шығындар болмайды. Сондықтан, нәтижесі тез шығады және сервердегі сақтаудағы шығынды азайтатын mod _perl-ді орнатудың қажеттілігі болмайды [4].

Құжат бетіндегі әртүрлі операциялардан басқа PHP көмегімен HTTP-тақырыптарды қалыптастырып, HTTP орнатуға болады. Сонымен қатар, аутентификацияны басқарып пайдаланушыны басқа бетке бағыттауға болады. PHP берілгендер қорына енуге үлкен мүмкіндіктер ашады. Бұл PDF құжаттарды инерациялаудан, XML-дегі грамматикалық талдауды жасауға мүмкіндік береді.

PHP операторлары бетке Web-беттерді қойып береді, сондықтан арнайы ортада жүзеге асырудың қажеттілігі туындамайды. PHP кодының блогы <?php тегінен басталып, ?> тегімен аяқталады. Бұл тегтердің арасындағылардың барлығы PHP код ретінде интерпритацияланады [5].

PHP тілінің синтаксисі Си және Perl синтаксисіне ұқсас келеді. Ауспалыларды оларды пайдаланудан бұрын жарияламау керек. Дегенмен, PHP Apache құрылған жағдайда бәрінен жылдам жұмыс жасайды. PHP Web-сайтында оны Microsoft IIS және Netscape Enterprise Server орналастырудың реті бар. Егер сізде PHP-ді орнатуға программалық қамтамасыз етудің көшірмесі жоқ болса, оны сіз ресми Web-сайттан ала аласыз. Ол жерден сіз PHP-дің барлық ерекшелігі мен қызмет бейнеленген, түсіндірілген жетекшілікті таба аласыз.

1.4.2 CSS (Cascading Style Sheets – каскадты стильдер кестесі)

CSS – бұл веб-дизайнерлер және пайдаланушылардың қажеттерін қанағаттандыру үшін арнайы әзірленген стиль кестелерінің механизмі. Стиль кестелері құжаттар экранда басылған кезде қалай бейнеленуін және қалай айтылуын мазмұндайды. 1994 жылы жарыққа шыққан уақытынан бері интернетте W3C стиль кестелерін пайдалануды белсенді түрде насихаттап

келеді. Style Activity тобы W3C-тың (CSS1, CSS2, XPath, XSLT) бірнеше ұсыныстарын берген болатын. CSS әсіресе браузерлерде кеңінен қолданылады [10].

Интернетте құрылымдалған құжаттарда (яғни, HTML) стиль кестелерін пайдаланып, авторлар мен оқырмандар құжатты өзгертпестен оның бейнеленуіне ықпал жасай алады немесе жаңа HTML элементтерін қоса алады. Стиль кестелерімен эксперимент жасаудың ең қарапайым жолы – бұл CSS-ті қолдайтын браузерді табу. CSS-тің бірегейлігі оны HTML және XML құжаттарды белгілеу үшін пайдалануға болады. Екінші жағынан XSL құжатты өзгертуі мүмкін. Мысалы, XSL веб серверде XML мәліметтерін HTML/CSS құжатына өзгерту үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл жағдайда тілдер бірін-бірі толықтырады және оларды бірге пайдалануға болады. Тілдердің екеуі де XML құжатын форматтау үшін пайдаланылуы мүмкін. CSS және XSL ұқсас пішімдеуді пайдаланады және сөйтіп, зерттеушілер тілдердің екеуінде де бірдей пішімдеу моделіне қолы жетімді болады. W3C пішімдеу модельдерін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету жөнінде жұмыс істейді.

CSS файлды «қолмен», яғни әр қандай мәтіндік редактормен құру және редакциялауға болады, бірақ сіз стиль кестелерінің файлдарымен жұмыс істеу үшін ECMAscript, Java немесе әр қандай басқа тілде бағдарлама жасасаңыз болады. Ал іс жүзінде сіз стиль кестелерімен жұмыс істеу үшін жақты софт және кітапханаларды пайдалануыңызға болады. Осындай бағдарламаларды және кітапханаларды әр түрлі компьютер платформаларына импорттауға көмек үшін W3C осындай кітапханалардың барлығында болуы тиіс функциялар жиынтығын белгіленген CSS-DOM деп аталған спецификацияны әзірледі [11].

CSS құжатының объектілік моделі –бұл CSS-ті (және белгілі бір өлшемде стильдердің басқа тілдерін) бағдарламадан редакциялау үшін API (бағдарламалаудың абстрактты интерфейсі). API – бұл программалық кітапхананың спецификациясы. Сіз бұны нұсқаумен салыстыруыңызға болады. Сізде барлық функциялардың сипаттауы және параметрлері болады, бірақ кодтың өзі болмайды.

Әр түрлі платформалар үшін CSS-DOM нің бірнеше кітапханалары қол жетімді. Олардың көпшілігі тегін. Көптеген браузерлер ECMAScript бағдарламаларды пайдалану үшін CSS-DOM-нің ішіне салынған кітапханаларына ие.

SAC (CSS үшін қарапайым API) – бұл CSS-DOM үшін қосымша. CSS-DOM-нің компьютердің жадына жүктелгеннен кейін стиль кестелерімен манипуляция жасауға арналған функциялары бар; SAP-тағы функциялар стиль кестелерін тәртіпке салуға, яғни стиль кестелерін файлдан жадқа көшіруге көмектеседі [10].

1.4.3 JavaScript тілінің негіздері

JavaScript – бұл объектіге және тілдік құралдарға негзделген, және орта

мүмкіндіктері объектімен ұсынылатын, программалау тілі, ал JavaScript сценарилер (программа) бұл өзараәрекеттенуші объектілер жинағы. JavaScript объектісі – бұл реттелмеген қасиеттер жинағы, оның әрбіреуінің ноль немесе одан көп атрибуттары бар, олар бұл қасиет қалай қолданылуы мүмкіндігін анықтайды. Мысалы, егер ReadOnly қасиетінің атрибутына true (шын) мәні меншіктелсе, онда осы қасиеттерді программалау арқылы өзгерту мүмкіндіктері нәтижесіз болады. Қасиет – бұл басқа объектілерден,көп қолданылатын мәндер мен әдістерден құралатын контейнерлер.Көп қолданылатын мәндер – бұл кез келген енгізілген Undefined, Null, Boolean, Number и String типтерінің элементі; объект− бұл енгізілген Object типінің тағы бір элементі; әдіс− қасиетпен арқылы объектпен ассоциированлған функция [11].

JavaScript, Global, Object, Error, Function, Array, String, Boolean, Number, Math, Date, RegExp сыйақты бірнеше енгізілген объектіден құралады. Бұдан басқа, JavaScript қатаң түрде айтқанда, міндетті түрде функция мен әдіс болып табылмайтын енгізілген операциялар жинағынан, сонымен қатар, программаның орындалу логикасын басқаратын енгізілген операторлардың жинағынан құралады.

JavaScript синтаксисі негізінен Java тілінің синтаксисіне сәйкес келеді, бірақ сценарилер тілін үйренуге жеңілтету үшін онымен салыстырғанда жеңілдетілген. Мысалы, айнымалылар декларациясы оның типінен құралмайды, қасиетте типсіз болады, ал функция декларациясы программа текстінде оны шақырғаннан кейін тұруына болады.

Объектілер жайында жалпы мағлұматтарJavaScript тілі JavaScript және C++ тілдерімен салыстырғанда қатаң түрде объектілер классынан тұрмайды. Оның орнына олар үшін объектілерді құруды жады бөлу жолымен жадыны конструкторларды қолдайды, ол Оның орнына ол объектілерді олар үшін жады бөлу және олардың барлық немесе кейбір қасиеттерін инициализациялау жолымен құратын конструкторларды қолдайды. Барлық конструкторлар объектілер болып табылады, бірақ бар объектілер конструктор болмайды. Әрбір конструктор, протатипті және бөлінетін қасиеттерге негізделген ізін басуды іске асыру үшін қолданылатын prototype қасиетін иеленеді. Объектілер new операциясында конструкторларды шақыру жолымен құрылады; мысалы new String (жаңа жол) String жаңа объектісін құрады. New−сыз конструкторды шақыру нәтижесі конструкторға тәуелді. Сонымен, String("бұл жол") , объект емес көп қолданылатын жолды құрады [11].

JavaScript протатипке негізделген, із басуды қолдайды. Әрбір конструктормен сәйкес протатип байланысқан, және конструктормен құрылған әрбір объект осы прототипке сілтемені құрайды (объектінің порототипі деп аталынатын). Прототип өз кезегінде, өз прототипіне және ары қарай сілтеме құруы мүмкін. Осылайша прототиптер тізбегі құрылады. Объектінің қасиетіне сілтеме− бұл берілген атпен қасиетті құрайтын объектілер прототипінің тізбегінің бірінші прототипіне сілтеме. Басқа сөзбен айтқанда, егер берілген объектінің берілген атпен қасиеті болса, онда осы

қасиетке сілтеме қолданылады, егер жоқ болса, онда осы объектінің қасиеті зерттеледі және т.б..

Қолдану варианты деп сыртқы объект (орындаушы) тудырған оқиғаға жүйе жауап ретінде орындаған әрекеттердің тізбегін айтады. Мысалы, қарапайым текстік процессорды қолданудың типтік екі варианты – белгілі бір текстi «курсивті ету» және «индекс жасау». Осындай қарапайым мысалдың өзінде қолдану вариантының кейбір қасиеттерін көрсетуге болады: ол қолданушыға таныс белгілі бір функцияны қамтуы мүмкін, сондай-ақ кіші немесе керегінше үлкен де бола алады және қолданушы үшін белгілі бір дискретті есепті шеше алады. Қолданушының қандай да бір функцияларды іске асырғысы келетінін талқылау процесінде қолдану варианты анықталады.

1994 жылы Якобсон қолдану вариантын программалық қамтамасын (ПҚ) жасау процесінің негізгі элементі етуді және оларды қолдану варианты диаграммасының көмегімен көрнекі етуді ұсынады. Қолдану вариантындағы адам фигуралары орындаушылар, сопақ шеңберлер қолдану варианты, ал сызықтар мен бағыттауыш сызықтар – орындаушы мен қолдану варианты арасындағы байланыстарды көрсетеді [23].

Орындаушы (actor) – қолданушының жүйеге қатысты ойынындағы рөлі. Орындаушылар рөлдерді береді, яғни ол нақты адам немесе жұмыс атын көрсетпейді. Қолдану варианты диаграммаларында орындаушылар адам фигурасы түрінде келтірілсе де, олар осы жүйеден белгілі бір ақпарат алғысы келетін сыртқы жүйе болуы мүмкін (мысалы, есептеу жүйесі). Орындаушыға белгілі бір орындау варианты керек болғанда ғана, оны диаграммада көрсету

қажет.

Орындаушы (actor) – қолданушының жүйеге қатысты ойынындағы рөлі. Орындаушылар рөлдерді береді, яғни ол нақты адам немесе жұмыс атын көрсетпейді. Қолдану варианты диаграммаларында орындаушылар адам фигурасы түрінде келтірілсе де, олар осы жүйеден белгілі бір ақпарат алғысы келетін сыртқы жүйе болуы мүмкін (мысалы, есептеу жүйесі). Орындаушыға белгілі бір орындау варианты керек болғанда ғана, оны диаграммада көрсету қажет.

Кез-келген қолдану варианты жүйенің функциялығына қойылған сыртқы талаптармен байланыста болады. Айталық, есептеу жүйесі файлды талап етсе, онда ол талап қанағаттандырылуы қажет. Қолдану вариантарын әр уақытта қолданушының нақты есептерін анықтап және оларды шешудің альтернативті әдістерін қарастыра отырып, жүйенің орындаушыларымен бірге анализдеу қажет [23].

Қолдану вариантын иденфикациялаудың көзі болып сыртқы оқиғалар қызмет атқарады. Алдымен жүйе реакция беретін сыртқы әлемде болып жатқан оқиғаларды тізбектеуден бастаған дұрыс. Кейбір нақты оқиғалар қолданушыны араластырмай жүйенің реакциясын тудыруы немесе қолданушының өз реакциясын тудыруы мүмкін. Реакция беруді қажет ететін оқиғаларды идентификациялау қолдану вариантарын айқындауға көмектеседі.

Орындаушы және қолдану вариантары арасындағы байланысқа қосымша, «қолдану» (uses) және «кеңейту» (extends) деген байланыстың екі типі бар. Қолдану вариантының бірі екіншісіне ұқсас, бірақ одан көбірек жүктеме алған жағдайда «кеңейту» типті байланыс қолданылады.

Жүйе тәртібінің бір фрагменті бірнеше қолдану нұсқасында қайталанса, онда оның сипаттамасын әр нұсқаға көшірмеу үшін «қолдану» байланысы қолданылады. «Кеңейту» және «қолдану» байланыстарының арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтар. Бұл екеуі де бірнеше қолдану нұсқаларының ортақ тәртіптер фрагменттерін жеке нұсқаға бөлектеп, оны басқада нұсқаларға «қолданады» немесе оларды «кеңейтеді». Екінші жағынан, бұл жағдайлар оны әртүрлі мақсатта жасайды [23].

Қолдану нұсқалары программалық қамтамаға талаптарды құру сатысындағы қажетті құрал болады. Әрбір қолдану нұсқасы – бұл жүйеге қойылатын потенциал талаптар және оларды айқындамай жүйені іске асыруды жоспарлау мүмкін емес.

Жүйені құру үшін зат облысын білу қажет. Сонымен қатар жүйенің қалай жұмыс істейтіні туралы хабарлар болу керек. Диаграмма жүйесі орындайтын операция тізімін құру үшін арналған. Ол берілген функциядағы жүйе объектісі анықталған тізімдер жүйесін орындайды. Осындай түрде орындалатын жүйенің функция жүйесі құрылады және жүйемен қарым-қатынастағы объектілер әрекетінің сценарийлары жазылады. Прецедент процесін модельдеу үшін қолданушы іс-әрекетін толық көрсетуіне және толық реакциясына бағытталған. Себебі, іс-әрекеті олардың шарттарына негізделген.

Жүйенің жұмысы онымен қалай айналысады және не қажет ететіне байланысты.

Программалық жүйенің (БЖ) келесі сатысы прецеденттер диаграммасы болып табылады [22].

Прецеденттер диаграммасында прецедент элементтері, актерлері мен олардың қатынастар көрсетеді. Прецеденттер диаграммалары көмегімен жүйе үшін прецеденттің статикалық көрінісі құрылады. Бұл ПЖ-нің талаптарын алдын-ала модельдеу және ұйымдастыру.

Прецеденттер диаграммасы қолданушы көзқарасы бойынша жүйе тәртібін анықтайды. Прецедент диаграммасы жүйе динамикасын алғашқы модельдеуі үшін басты құрал ретінде қарастырылады, өндірілетін жүйелерге талаптарды анықтау қолданылады, кейінгі өндірулерді жүргізуге мүмкіндік беретін формаға бұл талаптарды тіркейді.

Прецедент элементтері мен актерлері прецедент диаграммаларының негізі болып табылады. Олардың белгілемелері 2.2-суретте көрсетілген [23].

Актер Прецедент элементі

2.2-сурет – Прецедент элеменеттері

Актер (субъект) – бұл нақты элемент (прецедент элементі) пен тікелей өзара әрекеттесетін жүйе сыртындағы объект рөлі.

Прецедент элементі – бұл жүйемен орындалатын және бөлек актер үшін көрінетін нәтижені өндіретін әрекеттер кезектілігінің сипаты.

Прецеденттер (прецедент элементі) типті, тәуелділік байланысын көрсете алады:

– include – қосылатын байланыстар;
– extend – кеңейтілген байланыстар.

Қосылатын байланыс – сол функцияның орындалғанынан басқа прецеденттің анықталғандығын және осы прецедентке басқа да бір прецеденттердің біріккенін көрсететін байланыс.

Кеңейтілген байланыс – шартты емес жағдайда туындайтын міндетті емес функцияның жиынтығынан туындайтын байланыс.

Программалық қамтаманы құру белгілі бір өмірлік циклге (ӨЦ) сүйенеді.

Программалық қамтаманың (ПҚ) өмірлік циклы ПҚ-ға сұраныс туған уақытынан бастап, оның өндірістен алып тасталғанға дейіңгі уақыт аралығы яғни осы аралықтағы ПҚ-ны құру, қадағалау процестерінінің уақыт аралығы. Бір сөзбен айтсақ адам өмірі сияқты. ПҚ-ның ӨЦ-лы халықаралық стандарт ISO12207-пен реттеледі. Бұл стандарт құрылатын ақпараттық жүйенің

процестеріне жалпылай нұсқаулар береді. ISO12207 стандарты бойынша ПҚ-ның барлық процестері негізгі 3 топқа бөлінеді [22]:

а) негізгі процесстер – бұған кіретін жұмыс процестері программаны алу, құру, эксплатациялау және жұмысын ары қарай қадағалау;

ә) көмекші процесстер – бұл негізгі процестің орындалуын қамтамасыз етеді. Оған кіретіндер: құжаттау, тестілеу, верификациялау, бағалау т.б. (верификациялау – ПҚ құру кезінде белгілі кезеңдердің талаптарына ПҚ-ң нәтижелері сәйкес келетіндігін тексеру);

б) ұйымдастыру процесстері – жобаны басқару, жобаның инфра құрылымын анықтау, жобаның өмірлік циклын дәлдеу (нақтылау), жақсарту, оқыту.

Жекеленген ӨЦ-діні жеті сатыға бөлуге болады [22]:

– талаптарды орналастыру;
– талаптар спецификациясы;
– архитектураны жобалау;
– жекеленген жобалау;
– тарату;
– интеграциялау;
– қатыстыру.

Біздің мақсатымыз бірінші сатыны толық қарастыру – яғни талаптарды орналастыру сатысы. Бұл сатыда программалық жүйеге, қолданушылардың ұсынған талаптары қарастырылады:

– жүйе ақпаратты іздеуге және өңдеуге кеткен уақыт мөлшерін азайту қажет;

– қолданушы компьютерді минимальді түрде білгендіктен программалық жүйені оңай қолдана алу мүмкіндігі;

– деректер қорын мәліметтермен толықтыру, өзгерту, өшіру және таңдаған мәліметтің есебін алу мүмкіндіктерінің болуы;

– бірнеше қолданушы бір мезгілде жұмыс істей алатын клиент-серверлік, желі арқылы байланыста болу мүмкіндігі. Прецеденттер диаграммасы 2.3-суретте көрсетілген.

Қолдану варианттары (Use Case) жүйе мен активті субьект арасындағы диалогты модельдеуге мүмкіндік береді және функцияны соңында бейнелейді. Жүйені қолдану варианттар жиыны оны қолданудың көптеген тәсілдер назарына еңбегі сіңген. Қолдану варианттары – транзакция жүйесімен орында латын тізбектілік, бұл арқылы анықталған активті субьект қызыққан нәтижені алуға болады.

Қолдану вариантының диаграммасы (Use Case Diagram) – бұл активті субьектілердің көптеген графикалық көрсетімі оны қолданудың, сол немесе басқа варианттардың амалдарымен өзара әрекеттеседі. Жүйені жоспарлағанда жүй енің кілттік функциясын және көптеген қолданушыларды ұсынатын негізгі диаграмма (Main Use Case Diagram) конструкцияланады [23].



2.3-сурет – Rational Rose ортасында құрылған прецеденттер диаграммасы

2.4 Тізбектер диаграмасы

Тізбек диаграммаларда объект төбесінде пунктирлі вертикаль сызығы бар төртбұрыш түрінде бейнеленеді.

Тізбек диаграммалары өте қарапайым және көрнекі (олардың негізгі артықшылығы) және жүйе тәртібі процесін түсінуге көмектеседі. Тізбек диаграммасында қайтару бар болуы мүмкін, ол белгілі бір хабардан қайтарудың болғанын көрсетеді. Диаграммада қайтарудың бағыттауышы жұп сызықты болуы, оны қарапайым хабардан ерекшелейді [23].

Тізбек диаграммасына жаңа элементтер қатары енгізілуі мүмкін Біріншісі, әдістің не орындалу барысында, не белгілі бір процедураның орындалу нәтижесін күткен уақытында пайда болатын белсендеу.

Тізбектер диаграммасы төрт негізгі элементтерден тұрады:

а) прецеденттегі ізбасар мәтінінің іс-әрекеті. Ол сол жақтан жоғарыдан төменге жазылады. Сол терезеде іс-әрекет сипатталуы болып, жұмыс уақытындағы орындалатын ақпараттар қызмет етеді.

ә) объекттер «объект-класс» форматында аты немесе объект данасының нөмірі және класс объектісінің аты жазылады.

б) хабарландыру. Бағытпен көрсетілген бір объектіден келесіге бағытталған іс-әрекет туралы ақпарат жолдамасынан тұрады. Белгілі бір уақытта орындалуы және осы іс-әрекеттегі жүйенің жауапты реакциясы болуы мүмкін.

в) әдістері (операциялар). Тікбұрыш түрінде көрсетілген. Олар үздік

сызықта орналасқан. Яғни, әдістерге кіретін сол объектілер келеді. Тікбұрыш ұзындығы ізбасарда басқару фокусын көрсетуде қолдануға болады. Тікбұрыш бітетін әдіс түгелдей нүктесіне дейін басқарумен иеленеді. Бұл үшбұрыштар объекті түзуі деп аталады.

Екі объектінің арасындағы әрбір хабар олардың өмірлік сызықтары арасындағы бағыттауыш түрінде көрсетіледі. Хабарлар жоғарыдан төмен қарай шығарылады. Әрбір хабар минимум дегенде хабар атымен белгіленеді. Қалауыңызға қарай аргументтер, белгілі бір басқарушы ақпараттарды қосуға болады және сонымен қатар өзін делегациялауды (self-delegation) көрсетуге болады, яғни объект өзіне өзі хабар жібереді, әрі бұл кездегі хабар бағыттауышы бір ғана өмірлік сызығын көрсетеді. Барлық мүмкін болатын басқарушы ақпараттардың ішіндегі келесі екі түрдің мәні зор.

Тізбек диаграммалары өте қарапайым, көрнекі (олардың негізгі артықшылығы) және жүйе тәртібі процесін түсінуге көмектеседі [23].

Тізбек диаграммасында қайтару бар болуы мүмкін, ол белгілі бір хабардан қайтарудың болғанын көрсетеді. Диаграммада қайтарудың бағыттауышы жұп сызықты болуы, оны қарапайым хабардан ерекшелейді.

Тізбек диаграммасына жаңа элементтер қатары енгізілуі мүмкін Біріншісі, әдістің не орындалу барысында, не белгілі бір процедураның орындалу нәтижесін күткен уақытында пайда болатын белсендеу.

Тізбектелген диаграммасы уақыт бойынша объектілердің өзара бірлесу операцияларының орындалу ретін безендіреді және сценарийлермен қарастырылған функциялардың орындалу процесіндегі алмасатын объектілердің хабарламалар тізбектерінің реттелген сценарийге кіретін объектілер мен класстар бейнеленеді. Тізбектелген диаграммалар жалпыда Logical View пакетіндегі есептелінген қолдану варианттарының жүзеге асырумен бірге ассоциаланады.

Өзара әрекеттесу диаграммасының екі түрі бар – тізбек диаграммасы мен кооперация диаграммасы. Тізбек диаграммасы – бұл хабарламаларды уақыт бойынша тәртіпке келтіруді айқындайтын өзара әрекеттесу диаграммасы, яғни бір уақыт мезетіндегі іс-әрекетті жобалау. Кооперация диаграммасы – бұл хабарламаларды жіберетін және қабылдайтын объекттерді құрылымдық ұйымдасуын айқындайтын өзара әрекеттесу диаграммасы. Өзара әрекеттесу диаграммаларының элементтері – объекттер, байланыстар, хабарламалар болып табылады.

Өзара әрекеттесу диаграммасы объектілер мен олардың арасындағы қатынастар, сондай-ақ объектілер арасындағы бір-біріне жіберілетін хабарламалар жиынын қосатын өзара әрекеттесулер. Өзара әрекеттесу диаграммалары жүйенің динамикалық көрінісін беруді қамтамасыз етеді.

Тізбек диаграммалары жүйеде тәртіп сценарийін бере отырып, бұл диаграмма хабарларды беру тәртібінің анағұрлым айқын көрінісін қамтамасыз етеді. Бірақ ол кооперация диаграммасында көрінетін бөлшектерді көрсетуге мүмкінді береді [22].

Графикалық түрде тізбек диаграммасы Х осі бойымен объекттерді, У осі

бойымен уақыт бойынша келтірілген хабарламаларды көрсетеді.

Тізбек диаграммасында тіктөртбұрыш түрінде берілетіндер – әдістер (операциялар).

Өзара әрекеттесу (Interaction) – бұл тәртіптің жұмысы, әрекеттесетін объектілер арасындағы белгілі бір мақсатқа жету үшін хабарлар алмасу. Графикалық түрде бағдарша (→) түрінде болады. Ал не істеу керектігі жөнінде бағдаршаның үстіне жазылады.

UML талаптарымен сәйкес объект тізбектелген диаграммасында тік төртбұрыш түрінде көрсетіледі. Ол асты сызылған объектінің атауын құрайды. Жоғарыда көрсетілгендей объектіні 3 түрлі әдіспен атауға болады: тек оның атауын көрсету, объект пен класстың атауын беру, не класстың атауымен шектелу қажет (жасырын объект үшін). 2.4-суретте тізбектер диаграммасы корсетілген [21].



2.4-сурет – Rational Rose ортасында құрылған тізбек диаграммасы

Тізбектелген диаграммада активті субъектілермен өзара бірлесу фактілер жүйесінің көрсетілуін рұқсат ететін шекаралар класы қосылады (қолданушылармен және басқа жүйелермен). Осындай қабылдау анализдің ерте сатыларында бекітілуін талап етеді және интерфейстер талаптарының құжатталуына рұқсат етеді. Активтік субъектідегі алынған шекаралар класының нақты құралған хабарламалардың реттелген операциялардың әдістері жөніндегі ақпаратпен бірге өңдеуінің қосымша ортасын қолдану ерекшеліктерімен шартталған. Ал ондай ортаның таңдалуы жобалаудың соңғы кезеңінде жүзеге асырылады. Сондықтан жүйенің даму барысына сәйкес және осындай детальдар сияқты сұрақтардың көп санына сәйкес жауаптың алуы өзгертіледі және дәлірек болады.

2.5 Кооперация диаграммасы

Кооперация диаграммасы – бұл хабарламаларды жіберетін және қабылдайтын объекттерді құрылымдық ұйымдасуын айқындайтын өзара әрекеттесу диаграммасы.

Кооперация диаграммалары жүйе жұмысы барысында объектілердің өзара әрекеттесуін бейнелейді. Мұндай диаграммалар жүйе тәртібінің сценарийлерін моделдейді. Объект аты сызылады және әрдайым беріледі, ал қасиеттері таңдаулы түрде көрсетіледі. Объект белгісі 2.5-суретте көрсетілген [21].

2.5-сурет – Объект белгісі

Кооперациялар (әріптестіктер) ПҚ-ны жоғарғы, архитектуралық деңгейде өндірудегі кешенді шешімдерді көрсететін құрал болып табылады. Бір жағынан, кооперациялар программалық өнімнің мақсаты спецификациясының жинақтылығын қамтамасыз етсе, екінші жағынан – басқару және деректер ағындарының, сондай-ақ деректер құрылымының жүзеге асырылуынан құралады. Кооперацияның статикалық құрамасы бірлесіп жұмыс істейтін кластар мен басқа элементтердің (интерфеистер, компоненттер, түйіндердің) құрылымын береді. Көп жағдайда ол үшін бір немесе бірнеше кластар диаграммаларын қолданады. Кооперацияның динамикалық құрамасы бірлесіп жұмыс істейтін элементтердің тәртібін анықтайды. Әдетте анықтау үшін бір немесе бірнеше тізбектілік диаграммаларын қолданады.

Тізбек диаграммаларымен кооперация диаграммалары изоморфты, яғни бұл бір диаграмманы басқа диаграммаға тасымалдауға болатынын білдіреді. Кооперация диаграммасы 2.6-суретте көрсетілген [21].

Осылайша, егер кооперация «қаптамасының» астына қарасақ, әртүрлі диаграммалар жиынтығын көреміз. Мысалы, ақпараттық жүйеде талаптар Use Case элементтерінің әрбіреуі бөлек кооперацияда жүзеге асырылатын Use Case элементтерінің жиынымен беріледі.



2.6-сурет – Rational Rose ортасында құрылған кооперация диаграммасы

2.6 Класстар диаграммасын құру

Класстар диаграммалары класстар және интерфейстер, кооперация және олардың қатынастарын көрсетеді. Объектілі-бағытталған жүйелерді модельдеу кезінде кластар диаграммалары өте жиі қолданылады. Класстар диаграммалары жүйенің статикалық жобалық көрінісін қамтамасыз етеді. Пәндік облыстан объектіні анықтау барысында олардың арасында қандай байланыстар бар екендігін анықтау қажет. Агрегация қатынасы (бүтін мен бөлік арасындағы қатынас) және жалпылау (ішкікласс пен суперкласс арасындағы қатынас) өте маңызды байланыстар болып табылады. Статикалық модельдің негізіне пәндік облыстың моделін бейнелейтін диаграммасын қоямыз.

Кластар диаграммасы объектілі-бағдарланған тәсілдің орталық буыны болып табылады. Кластар диаграммасы жүйе объектілерінің типтерін және олардың арасындағы болатын түрлі статикалық байланыстарды анықтайды [22].

Статикалық байланыстың негізгі екі түрі бар:

– ассоциациялар (мысалы, клиент тапсырыс бере алады);
– ішкі типтер (жеке клиент клиенттердің белгілі бір түрі болады).

Кластар диаграммасында кластар атрибуттары, кластар операциясы және объектілер арасында қойылатын шектеулер бейнеленеді.

Кластар диаграммасын сипаттаудан бұрын, осы диаграммаларды құрастырушының қолдану сипатына байланысты сәтке назар салған жөн. Бұл сәт құжаттандырылмайды, бірақ ол диаграммаларды интерпретациясы

тәсіліне әсер етеді, сондықтан моделдер көмегімен сипаттауға оның қатысы маңызды.

Клас (Class) ортақ қасиетттері (атрибуттары), тәртібі (функциялары), семантикасы және басқа объектермен байланысы бар объектер тобын анықтайды. Кластың объектіні құруға арналған шаблон ретінде қарауға болады. Әрбір объект қандайда бір ғана кластың нұсқасы.

Дұрыс құрылған класс тек бір ғана абстракцияны бере алады. Мысалы, студент туралы мәлімет сақталған, сонымен қатар барлық оқу барлығында студент өткен курстар тізімі функциясы көрсетілген класты сәтті құрылған деп айта алмаймыз, өйткені ол екі әртүрлі операциялар тобын қамтиды. Аспект түсінігі кластар диаграммасын тұрғызумен қатар, оны оқуда да үлкен маңызы бар. Бірақ аспектілер арасындағы айырмашылық айқын емес, сондықтан көптеген құрастырушылар диаграмма тұрғызуда олардың ығысу мүмкіндігіне рұқсат етеді [22].

Диаграмма тұрғызуда жалғыз аспектіні таңдап алу қажет. Диаграмманы оқу кезінде оның қандай аспектіге сәйкес тұрғызылғанын білу қажет. Яғни бұл білім бізге диаграмманы дұрыс интерпретациялауда қажет болады.

Кластың атауы үшін пән облысына сәйкестендіріліп қабылданған терминдерді қолданған дұрыс. Класс аты ретінде жобаланатын түсінікті толығымен сипаттай алатын зат есіміңіз жекеше түрі қолданылады. Кейде қысқартылған атауларда қолданылып, класты құжаттандырғанда міндетті түрде мағынасын ашып көрсету керек. Егер аббревиатура бірдей мағыналы емес интерпретация жіберсе, онда сәйкесінше айтылудың толық түрін қолданамыз. UML-да класс аймақтарға бөлінген тіктөртбұрыш түрінде кескінделеді. Жоғары аймақта класс аты, ортасында оның құрылымы (атрибуттар тізімі), оның астындағысында тәртібі сипаттамаларын анықтайтын функциялар беріледі.

Кластар диаграммасы UML-дың ресми бөлігіне жатпағанымен модельдерді тұрғызу мен анализдеуде өте пайдалы болады. UML конструкциясын көрудің кез-келген үш нүктесінде қолдануға болады.

Тұжырымдық деңгейде «Клиент аты» атрибутының бар болуы клиенттің аты болатынын көрсетеді. Спецификация деңгейінде бұл атрибут Клиент объектісі өз атын хабарлай алады және оны анықтаудың белгілі бір механизміне ие болады. Іске асыру деңгейінде клиентте оның атына сәйкес өріс болады (айнымалы немесе мәліметтер элементі делінеді).

Диаграмманың тетіктеліну дәрежесіне қарай атрибут белгілеуінде үнсіз келісім арқылы атрибут аты, типі және мәні көрсетіледі.

Кластар диаграммасы 2.7-суретте көрсетілген [21].



2.7-сурет – Rational Rose ортасында құрылған класс диаграммасы

UML синтаксисінде бұл келесі түрде болады:

<көріну белгісі><аты>:<тип>=<үнсіз келісім мәні>

мұндағы, көріну белгісінің мәні келесі тарауларда сипатталатын операциялармен сәйкес болады.

Атрибуттар әруақытта жалғыз мәнге ие болады. Әдетте диаграммада атрибутың міндетті немесе міндетті емес екені көрсетілмейді.

Операция кластар іске асыратын процестерді береді. Операция мен кластарға қолданылатын әдістер арасында сәйкестік болады.

Спецификация деңгейінде операциялар типтерге қолданылатын әдістермен сәйкес келеді. Әдетте диаграммада атрибуттарды манипуляциялау операциялары көрсетілмейді, себебі олар онсызда бар. Кейде берілген атрибут тек оқу үшін (read only) немесе оның мәні тұрақты (immutable) екенін көрсетуге қажет болады. Іске асыру моделінде сондай-ақ операциялардың құпиялық және қорғаныс деңгейі бейнеленуі мүмкін. Ал сайттың қызмет диаграммасы 2.8-суретте келтірілген. Іскерлік диаграммасы – жүйе ішінде әрекеттен әрекетке дейінгі ағынды көрсететін күйлер схемалары диаграммаларының арнайы түрі. Қызмет диаграммалары жүйенің динамикалық көрінісін қамтамасыз етеді. Олар жүйенің функционалдығын модельдеу кезінде өте маңызды және объектілер арасындағы басқару ағынын айқындайды.

Қызмет диаграммасы есептеу процесі мен жұмыс ағындары көрсетілетін соңғы автоматтың ерекше формасы беріледі. Мұнда объекттің жай күйлері емес, орындалатын есептер күйлері – әрекеттер күйлері айқындалады. Бұл кезде есептеу процесі сыртқы оқиғалармен үзілмейді деп тұжырымдалады. Қызмет диаграммалары алгоритмдердің блок-схемаларына өте ұқсас болып

келеді [21].



2.8-сурет – Rational Rose ортасында құрылған күй диаграммасы

3 Жүзеге асыру және тестілеу бөлімі

3.1 Программа кешенін құру

Дипломдық жобаға берілген тапсырма бойынша мекеменің ақпараттық бөліміне программалық кешенін жасауды ұйымдастыру үшін қойылымын дұрыс құрып алу қажет. Берілген тапсырманың бастапқы моделі дұрыс қалыптаспаған жағдайда жобаның жоспары нәтижесіз қалуы мүмкін. Сондықтан есептің қойылымына тоқталып кетейік.

Жоғарыда айтылғандай ақпараттық технологиялар мен компьютерлік программаларды адамзат қызметінің әртүрлі салаларында қолдануға болады. Мысалы, мекеменің ақпараттық бөлімінің мәселесі тиімді шешіледі. Осының негізінде ақпараттық бөлімінің брондау жүйесі қарастырылып, брондау қызметшісінің жұмысын жеңілдетуге ұсынылады. Осы түрдегі қосымшалар әртүрлі технологияларда орындалуы мүмкін. Бұл – PHP, MySQL, XHTML және т.б. Бұл технологияларды таңдау қойылған нақты мақсаттарға байланысты шешілді.

Берілген дипломдық жобада келесі мәселелерді шешу қажет:

– компанияның ақпараттық бөлімінің құрылымын жасау;
– таңдалған программалық құралды дәлелдеу;
– тиімді, ыңғайлы қолданушылық интерфейс құру.

Сонымен қатар қосымшаның серверлік және клиенттік бөлімінің модульдер кешенін құру құрамында:

– интерфейстік модуль;
– білімді бақылау модулі;
– транзакцияны өңдеу модулі;
– авторизация және санкциялық қатынау модулі;
– сақталынатын Web-ресурстар құрылымы;
– қолданушы модулінің құрылымы.

Жалпы жасалынатын программалық кешен әртүрлі программалық-аппараттық платформаларда қолдануға дайын болу керек. Қосымша қолданушы үшін қажет көмектен және қызмет көрсетуден тұру керек. Қолданушы интерфейсі және дизайні қазіргі заманғы талаптарға сәйкес болу керек.

Ақпараттық технология негізінде бұл кешен толықтай басқаруға және электронды фармацевтика жобасының бақылауын жоғарылатады. Жүйе жедел тасырмаларды орындау негізінен жұмыс жылдамдығын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Программалық қамтамасыздандудың стандартты функциясы (базалық модуль, сатулар, әкімшілік, бухгалтерия, статистика және есеп, іс-шаралар) мекеменің барлық қызметін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

3.2 Backend бөлмі

Программалық кешенді іске қосу үшін браузерді ашып адрестік жолға http://apteka.kz/admin/ деп теру қажет. Сол кезде браузердің терезесінде төменде берілген 3.1-суретте ашылады, яғни программалық кешенінің администраторлық бөлімінің тіркелу беті.



3.1-сурет – Администратордың тіркелу беті

«Дәріхана» программалық кешені басты бет, сатылымды басқару, өнім, тапсырыс процесі, есеп, пошта компаниясы, баптаулар, қызметкерлерді басқару бөлімдерінен тұрады. Администратор тапсырыс процесі бөлімінде шот фактураны баптау беті арқылы тапсырыс жөніндегі толық мәліметті шығара алады.

Басты бетте сатылым есебін көруге болады. Сатылым есебі бетінде қандай да бір аралықта қаншалықты жалпы табыс, жалпы салық және жалпы құн өзгеріске ұшырағанын 3.2-суреттен көре аламыз.

Сонымен қатар, администратор сатылымды басқару бөлімінен тауарды жеткізушіні қосып және оны басқара алады. Жеткізуші жөніндегі толық мәліметті енгізеді. Жеткізушіні қосу және басқару төмендегі 3.3 және 3.4-суреттерде келтірілген.

Автоматтандырылған жұмыс орнындағы администратор өнімді қосып, басқара алады. Ол өнімнің сатылымда бар не жоқтығын, оның статусын белсенді, сол сияқты өнімді таңдау және басқа да іс-әрекеттер орындай алады. Бұл іс-әрекеттердің барлығы 3.5 және 3.6 суреттерде көрсетілген.

«Дәріхана» жұмыс орны кешеніне администратордың клиенттерді басқару мүмкіндігі 3.8-суреттегідей.

Сонымен қатар, программалық кешеннің бөлімдерінің ішінде администратордың қолданушыны басқару және құра алатын құзыреттілігі бар.



3.2-сурет – Администратордың басты беті



3.3-сурет – Жеткізушіні қосу беті



3.4-сурет – Жеткізушіні басқару беті



3.5-сурет – Жаңа өнім қосу беті



3.6-сурет – Өнімді басқару беті



3.7-сурет – Администраторы беті



3.8-сурет – Клиенттерді басқару беті

3.3 Frontend бөлімі

Программалық кешенді іске қосу үшін браузерді ашып адрестік жолға http://apteka.kz деп теру қажет. Сол кезде браузердің терезесінде төменде берілген 3.9-суретте ашылады, яғни программалық кешенінің клиенттік бөлімінің басты беті.



3.9-сурет – Клиенттің басты беті



3.10-сурет – Клиенттің тіркелу беті

«Дәріхана» программалық кешені санаттар, қоржын, іздеу, жеңілдіктер бөлімдерінен тұрады. Клиенттер санаттар арқылы кез келген тауарды көре алады.

Қоржында сақталған дәрі-дәрмектердің тізімін 3.11-суреттен көре алады.



3.11-сурет – Қоржын беті

4 Экономикалық бөлім

4.1 Жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау

Бұл бөлімнің мақсаты «Дәріхана» ақпараттық жүйені құруға арналған шығындарды есептеу болып табылады. Есептеу нәтижесінде қолданбалы бағдарламаның өзіндік құны табылады.

Өзіндік құнды табу үшін ескеру қажет [26]:

а) техникалық құралдар мен программалық қамтаманы толық қалпына келтіруге арналғын амортизациялық аударымдар;

ә) ақпараттық жүйе құрудың еңбек сыйымдылығы;

б) программистке еңбекақы төлеу;

в) техникалық құралдармен жұмсалатын электр энергиясының шығындары;

г) ақпараттық жүйесінің ықтимал (шарттық) бағасын анықтау;

ғ) бірыңғай әлеуметтік салық.

4.2 Ақпараттық жүйес құрудың еңбек сыйымдылығын есептеу

4.1-кесте – Жұмыстарды түрлері мен кезеңдері бойынша бөлу және олардың еңбек сыйымдылығын бағалау

Әзірлеу кезеңі	Жұмыс түрі	Жұмыстың еңбек сыйымдылығы, адам × с.
1	Есептің сипаттамасы	24
2	Алгоритмді әзірлеу	56
3	Алгоритмнің блок-сызбасын әзірлеу	48
4	Жобаның клиенттік бөлігін іске асыру	128
5	Жобаның әкімшіліктік бөлігін әзірлеу	202
6	Бағдарламаны жөндеу және тестілеу	100
7	Құжаттарды, пайдаланушыға нұсқаулықты және түсіндірме жазбаны рәсімдеу	55
Барлығы		613

4.3 Ақпараттық жүйе құруға арналған шығындарды есептеу

Ақпараттық жүйе құруға арналған шығындарды анықтау мыналарды қамтиды [26]:

а) материалдық шығындар;

ә) электр энергиясының шығындары;

б) еңбекке ақы төлеу шығындары;

в) негізгі қорлардың амортизациясы;
г) әлеуметтік салық.

4.3.1 Материалдық шығындарды есептеу

Материалдық шығындарға программалық құралдарды әзірлеу барысында қажетті үстел, орындық, тонер мен басқа да кеңсе тауарларына жұмсалған шығындар есептелген [27]. Олардың атауы, саны және бағасы 4.2-кестеде келтірілген. Бағалары «Abdi» фирмасының прайс парағынан алынған.

4.2-кесте – Материалдық ресурстарға шығындар

Материалдық ресурстың атауы	Бірлік өлшем	Саны	Бірлігі үшін баға, тг	Сомасы, тг
Қағаз	Бума	5	1350	6750
Қалам	Дана	5	65	325
Тонер	Дана	1	4174	4175
Үстел	Дана	1	10000	10000
Орындық	Дана	1	3000	3000
Барлығы				24250

Материалдық ресурстарға шығындардың жалпы сомасы ($Ш_М$) (4.1) формула бойынша анықталады:

$$Ш_м = \sum_{i=1}^{n} Ш_i \times Б_i \quad (4.1)$$

мұндағы, $Ш_i$ - і-ші материалдық ресурстың шығысы, заттай бірліктер;
$Б_i$ - і-ші материалдық ресурстың бірлігінің бағасы, тг;
і - материалдық ресурстың түрі;
n - материалдық ресурстардың саны.

4.3.2 Техникалық құралдармен жұмсалатын электр энергиясының шығындарын есептеу

Егер ақпараттық жүйені құру үшін электр жабдықтары пайдаланылса, онда 4.3-кестеде келтірілген нысан бойынша электр энергиясына кететін шығындарды есептеу қажет.

Электр энергиясына жұмсалатын шығындардың жалпы сомасы ($Ш_Э$) (4.2) формула бойынша есептеледі:

$$Ш_э = \sum_{i=1}^{n} Қ_i \times К_i \times Т_i \times Б \quad (4.2)$$

мұндағы, $Қ_i$ – і-ші электр жабдығының паспорттық қуаты, кВт;

$К_i$ – і-ші электр жабдығының қуатын пайдалану коэффициенті ($К_i$=0.9 қабылданады);

$Т_i$ – і-ші жабдықтың барлық әзірлеу кезеңіндегі жұмыс уақыты;

Б - электр энергиясының бағасы, тг/кВт×сағ;

і - электр жабдығының түрі;

n - электр жабдықтарының саны.

Алматы қаласы бойынша заңды тұлғалар үшін 2019 жылы ҚҚС есебімен (ЖШС «АлматыЭнергоСбыт» ресми сайтында ұсынылған деректерге сәйкес) 1 кВт/сағ үшін 17,09 теңгені құрайды.

$$Ш_э = 0{,}9 \times 0{,}9 \times 613 \times 17{,}09 \approx 8485{,}7 \text{ тг}$$
$$Ш_э = 0{,}9 \times 0{,}9 \times 155 \times 17{,}09 \approx 2145{,}65 \text{ тг}$$
$$Ш_э = 0{,}3 \times 0{,}7 \times 613 \times 17{,}09 \approx 2200 \text{ тг}$$

4.3-кесте – Электр энергиясына кететін шығындар

Жабдық-тың атауы	Паспорт-тық қуаты, кВт	Қуатты пайдалану коэффициен-ті	Бағдарлама-лық өнімді әзірлеуге арналған жабдықтың жұмыс уақыты, сағ	Электр қуаты-ның бағасы, тг/кВт· сағ	Сомасы, тг
Ноутбук ASUS FX705DY	0,9	0,9	613	17,09	8485,7
Принтер	0,9	0,9	155	17,09	2145,65
Жарық-тандыру	0,3	0,7	613	17,09	2200
Барлығы					12831,35

4.3.3 Программистке еңбекақы төлеу шығындарын есептеу

Программистің орташа жалақысы 2019 жылы 200 000 теңгені құрайды (Алматы қаласы үшін).

Қызметкердің бір айдағы жұмыс сағаттары (4.3) формула бойынша анықталады:

$$С_а = N_а \times С_{жк} \quad (4.3)$$

мұндағы, $С_а$ - бір айдағы қызметкердің жұмыс сағаты;

$N_а$ - бір айдағы жұмыс күндерінің саны;

$С_{жк}$ - күніне жұмыс сағаттарының саны.

$$С_а = 21 \times 8 = 168 \text{ сағ.}$$

Қызметкердің сағаттық бағасы (4.4) формула бойынша есептеледі:

$$СБ_i = \frac{АЖ_i}{ЖУАҚ_i} \quad (4.4)$$

мұндағы, АЖ$_i$ - і қызметкердің айлық жалақысы, тг;

ЖУАҚі - і қызметкердің жұмыс уақытының айлық қоры, сағ.

Программист:

$$СБ_i = \frac{200000}{168} = 1190{,}48 \text{ тг.}$$

Ақпараттық жүйенің еңбек сыйымдылығын анықтау үшін 4.1-кестедегі деректер пайдаланылады.

Программистің ақпараттық жүйесінің еңбек сыйымдылығы 613 адам×сағ тең.

$$T_2 = 24 + 56 + 48 + 128 + 202 + 55 = 613 \text{ адам} \times \text{сағ.}$$

Еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығындардың жалпы сомасы (Ш$_{еа}$) (4.5) формула бойынша анықталады:

$$Ш_{еа} = \sum_{i=1}^{n} СБ_i \times ЕС_i \quad (4.5)$$

мұндағы, СБ$_i$ - і қызметкердің сағаттық ставкасы, тг;

ЕСі - ақпараттық жүйесін құрудың еңбек сыйымдылығы, адам×сағ;

і - қызметкердің санаты;

n - ақпараттық жүйені құрумен айналысатын қызметкерлердің саны.

Программист:

$$Ш_{еа} = 1190{,}48 \times 613 = 729764{,}24$$

4.4-кесте – Еңбекке ақы төлеу шығындары

Біліктілігі	Программалық өнімді әзірлеудің еңбек сыйымдылығы, адам×сағ	Сағаттық баға, тг/сағ	Сомасы, тг
Программист	613	1190,48	729764,24
Барлығы			729764,24

Қосымша еңбекақы:

$$ЕА_{қос} = Ш_{еа} \times 10\% \quad (4.6)$$

$$ЕА_{қос} = 729764{,}24 \times 0{,}1 = 72976{,}42 \text{ тг}$$

Еңбекақы қоры:

$$Қ_{еа} = Ш_{еа} + ЕА_{қос} \quad (4.7)$$

$$Қ_{еа} = 72976{,}42 + 729764{,}24 = 802740{,}66$$

Әлеуметтік салықты есептеу:

$$С_{ә} = (Қ_{еа} - МЗЖ) \times 11\% \quad (4.8)$$

мұндағы, МЗЖ - міндетті зейнетақы жарналары - $Қ_{еа}$-дан 10%.

$$С_{ә} = (802740{,}66 - (802740{,}66 \times 0{,}1)) \times 0{,}11 = 793910{,}51 \text{ тг}$$

4.3.4 Техникалық құралдар мен программалық қамтаманы толық қалпына келтіруге арналғын амортизациялық негізгі қорын есептеу

Осы жобада келесі техникалық құралдар қолданылады:
– ноутбук ASUS FX705DY (90NR0192-M00900);
– принтер лазерный Samsung SL-M2020.

Зерттеулердің соңғы нәтижесі болып табылатын бағдарламалар пакетін құру үшін мынадай программалық қамтама қолданылды:
– Apache server.

Амортизациялық аударымдардың жалпы сомасы (4.9) формула бойынша анықталады:

$$Ш_{амор} = \sum_{i=1}^{n} \frac{К_i \times Н_{Аi} \times Т_{бкi}}{100 \times Т_{тқi}} \quad (4.9)$$

мұндағы, $К_i$ – і-ші негізгі қор құны, тг;

$Н_{Аi}$ – і-ші негізгі қор амортизациясының жылдық нормасы, %;

$Т_{бкі}$ - ақпараттық жүйені құрудың барлық кезеңіндегі і-ші негізгі қордың жұмыс уақыты, сағ.;

$Т_{тқі}$ - і-ші негізгі қордың бір жылдағы жұмыс уақытының тиімді қоры, сағ / жыл;

і - негізгі қор түрі;

n - негізгі қорлар саны.

Негізгі қор амортизациясының жылдық нормасын есептеу:

$$\text{Н}_{\text{А}i} = \frac{100}{T_{\text{ы}i}} \quad (4.10)$$

мұндағы, $\text{Т}_{\text{ы}i}$ – негізгі қорды пайдаланудың ықтимал мерзімі, жыл.

$$\text{Н}_{\text{А}i} = \frac{100}{4} = 25.$$

Қосымша әзірлеу үшін программалық қамтама жұмыс уақытын анықтау үшін 4.1-кестедегі деректер пайдаланылады.

Apache server программалық қамтамасының жұмыс уақыты 430 сағатты құрайды (жобаның клиенттік бөлігін іске асыру, жобаның әкімшілдік бөлігін іске асыру, бағдарламаны жөндеу және тестілеу).

$$\text{Т}_{\text{і}} = 128 + 202 + 100 = 430 \text{ сағ.}$$

Құрал-жабдықтар:

– ноутбук ASUS FX705DY (90NR0192-M00900):

$$\text{Ш}_{\text{амор}} = \frac{399099 \times 25 \times 613}{100 \times 1920} = 31855{,}17 \text{ тг}$$

– принтер лазерный Samsung SL-M2020:

$$\text{Ш}_{\text{амор}} = \frac{44900 \times 25 \times 613}{100 \times 1920} = 3583{,}81 \text{ тг}$$

Программалық қамтама:

$$\text{Ш}_{\text{амор}} = \frac{70555 \times 25 \times 430}{100 \times 1920} = 3950{,}34 \text{ тг}$$

4.5-кестеде көрсетілген техникалық құралдардың бағасы “Белый Ветер” фирмасының прайс парағынан алынған.

4.5-кесте – Негізгі қорлардың амортизациясы

Жабдық-тың атауы және ПҚ	Жабдық-тың және ПҚ-ның құны, тг	Жылдық аморти-зация нормасы, %	Жабдықтың және ПҚ-ның жұмыс уақытының тиімді қоры, сағ/жыл	Ақпараттық жүйені құруға арналған жабдық және ПҚ-ның жұмыс уақыты, сағ	Сомасы, тг
Ноутбук ASUS FX705DY (90NR0192-M00900)	354199	25	1920	613	31855,17
ОС Windows 10	Тегін	-	1920	613	-
Apache server	70555	25	1920	430	3950,34
Принтер лазерный Samsung SL-M2020	44900	25	1920	613	3583,81
Барлығы					39389,32

4.6-кесте – ПҚ әзірлеуге арналған шығындар жоспары

	Шығындар баптары	Сомасы, тг
1	Материалдық шығындар, оның ішінде: - материалдар - электр энергиясы	 24250 12831,35
2	Еңбекақы төлеу шығындары	729764,24
3	Әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар	793910,51
4	Негізгі қорлардың амортизациясы	39389,32
5	Басқа шығындар	10000
Барлығы		1610145,42

4.4 Ақпараттық жүйенің ықтимал (шарттық) бағасын анықтау

Қолданбалы ақпараттық жүйе үшін шарттық баға ($Б_ш$) (4.11) формула бойынша есептеледі:

$$Б_{ш} = Ш_{Бө} \times (1 + \frac{P}{100}) \quad (4.11)$$

мұндағы, $Ш_{бө}$ - ақпараттық жүйені құруға арналған шығындар (4.6-кестеден), тг;

Р - ақпараттық жүйе табыстылығының орташа деңгейі – 25%.

$$Б_{ш} = 1610145{,}42 \times (1 + 0{,}25) = 2012681{,}77 \text{ тг}$$

Бұдан әрі өткізу бағасы қосылған құн салығын (ҚҚС) есепке ала отырып анықталады, ҚҚС бағасы ҚР заңнамалық Салық кодексімен белгіленеді. 2019 жылға ҚҚС бағасы 12% мөлшерінде белгіленген.

ҚҚС есебімен өткізу бағасы (4.12) формула бойынша есептеледі:

$$Ц_{ө}=Б_{ш} + Б_{ш} * ҚҚС \quad (4.12)$$

$$Ц_{ө} = 2012681{,}77 + 2012681{,}77 \times 0{,}12 = 2254203{,}58 \text{ тг.}$$

4.5 «Дәріхана» ақпараттық жүйені құру бойынша экономикалық бөлімге қорытынды

Барлық шығындарды ескере отырып, «Дәріхана» ақпараттық жүйесін іске асыру бағасы 2254203,58 теңгені құрайды. Шығынның негізгі бөлігін еңбекақы төлеу шығындары (32,37%) және әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар (35,22%) құрайды.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, осы ақпараттық жүйені қолдану ақпаратты жинау процесін толық автоматтандыруға мүмкіндік береді және оны ұсынуды жеңілдетеді.

Сонымен, «Дәріхана» ақпараттық жүйесін құру және енгізу экономикалық жағынан тиімді.

Қорытынды экономикалық көрсеткіштер 4.6-кестеде көрсетілген.

5 Өміртіршілік қауіпсіздігі

5.1 Дәрі-дәрмектерді пайдалану кезіндегі дәріхана қызметкерлерінің еңбек жағдайларын талдау

Бұл жобаның мақсаты дәрі-дәрмек сатумен айналысатын медициналық орталықтар үшін "Дәріхана" ақпараттық жүйесін құру болып табылады. Құрылған жоба арқылы әкімшілік дәрі-дәрмектердің мәліметтер қорымен жұмыс істей алады.

Персонал екі қызметкерден тұрады: бас техникалық маман және дәріханашы.

Қызметкерлерінің жұмысы компьютер, дәрі-дәрмек және зиянды заттармен байланысты болғандықтан, олардың еңбек өнімділігін төмендетеді.

Мұндай факторларға жатқызуға болады:

– жарықтың дұрыс түспеуі;
– микроклиматтың бұзылуы;
– шу.

Дәріханаларда стендтердің барлық сөрелерін және оларға орналастырылған дәрілік препараттарды толыққанды қарауға мүмкіндік беретін жарық жеткілікті. Дәріханадағы шу нормаға сәйкес келеді, өйткені оқшаулау принципі қолданылады, атап айтқанда барлық агрегаттар мен құрылғылар шу қорғайтын экрандармен жабдықталған. Дәріхананың өлшемі: ұзындығы (А) = 5 метр, ені (В) = 4 метр, биіктігі (Н) = 2 метр.

Дәрі-дәрмек қоюға арналған дәріхананың жоспары және персоналдың жұмыс орны 5.1-суретте бейнеленген.

5.2. Табиғи желдету есебі

Дәріхананың геометриялық өлшемдері: ұзындығы А=5; ені В=4; биіктігі Н=2. Қабырғалары көгілдір-ақ, төбесі ақ, полимер плиткамен қапталған бетон еден.

Дәріханада батысқа қарайтын екі қабатты шынысы бар екі терезе орналасқан, оның өлшемі 1.5х1 м. Жазда сыртқы ауаның ең жоғары температурасы +30 °С, қыста ең төменгі температура -20 °С. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы φ=50%. Жазда сыртқы ауаның ең жоғарғы температурасы +30 ° С сәйкесінше бөлменің салыстырмалы ылғалдылығы 60%.



5.1-сурет – Дәріхана жоспары

Ғимаратта этанол бөлінген кезде қажетті ауа алмасуды есептеу (5.1) формула бойынша анықталады:

$$L = \frac{G}{K(C_{\text{ПДК}} - C_0)} = \frac{2 \cdot 10^6}{1(1000-0)} = 2000 \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (5.1)$$

мұндағы, L - ғимараттан берілетін немесе шығарылатын ауаның қажетті саны, $м^3$/сағ;

G - ғимараттан зиянды заттың бөліну қарқындылығы (5.1-кесте), мг/сағ;

К - ғимараттағы желдету ауасының біркелкі таралуының өлшемсіз коэффициенті (оны біркелкі бөлу кезінде К = 1 деп қабылданады);

$C_{ПДК}$ - ғимараттың жұмыс аймағындағы зиянды заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясы (ШРК), мг/$м^3$ (5.2-кесте);

C_o - бұл заттың ғимаратты желдету үшін түсетін ауадағы концентрациясы, мг/$м^3$; әдетте $C_o = 0$.

5.1-кесте – Зиянды заттардың бөліну қарқындылығы [25]

Заттар	Зиянды заттардың бөліну қарқындылығы, мг/сағ
Күкірт сутегі H_2S	3×10^2

Сұр ангидрид SO_3	1×10^3
Бутанол C_4H_9OH	3×10^4

5.1-кестенің жалғасы

Заттар	Зиянды заттардың бөліну қарқындылығы, мг/сағ
Күкіртті ангидрид SO_2	2×10^4
Күкірт көміртегі CS_2	2×10^3
Метанол CH_3OH	2×10^4
Марганец Mn	8×10^2
Анилин $C_6H_5NH_2$	2×10^2
Этанол C_2H_5OH	2×10^6
Бензол C_6H_6	2×10^4
Ацетон $(CH_3)_2CO$	4×10^5
Металл сынап Hg	1×10^2
Бенз(а)пирен $C_{20}H_{12}$	$1{,}8\times10^5$

5.2-кесте – Жұмыс аймағындағы зиянды заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясы [24]

Заттар	ШРК, мг/м^3	Қауіптілік класы	Заттар	ШРК, мг/м^3	Қауіптілік класы
1	2	3	4	5	6
Альдегид изомасляный	5,0	3	Полипропилен нестабилизированный	10,0	3
Альдегид масляный	5,0	3	Поливинилхлорид	6,0	3
Амилацетат	100	4	Пиридин	5,0	2
Аммиак	20,0	4	Пропиламин	200	4
Күкіртті ангидрид	10,0	3	Төмен қысымды полиэтилен	10,0	3
Ангидрид фталевый	1,0	2	Күкірт сутегі	10,0	2
Ацетальдегид	5,0	3	Күкірт көміртегі	1,0	2
Ацетон	200,0	4	Скипидар	300	4
Бензин	300,0	4	Бутил спирті	10,0	3
Бромбензол	3,0	2	Амиль спирті	10,0	3
Бензол	5,0	2	Пропил спирті	10,0	3
Винилацетат	10,0	3	Этил спирті	1000	1
Гексахлорбензол	0,9	2	Стирол	5,0	3
Диметилэтанолам	5,0	3	Толуол	50,0	3

ин					
Диметиламин	1,0	2	Трифторстирол	5,0	3
Дихлорбензол	20,0	4	Трихлорбензол	10,0	3
Дихлорэтан	10,0	2	Трихлорэтилен	10,0	3
Диэтиламин	30,0	4	Триэтиламин	10,0	3
Диэтилбензол	10,0	3	Уайт-спирит	300	4
Диэтилді эфир	300,0	4	Углеводороды пред	300	4
Изопрен	40,0	4	Фенол	0,3	2
Изопропилбензол	50,0	4	Фенопласты	6,0	3
Керосин	300,0	4	Формальдегид	0,5	2

5.2-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Күкірт қышқылы	1,0	2	Фосфорлы сутегі	0,1	1
Тұз қышқылы	5,0	2	Фторлы сутегі	0,5	2
Сірке қышқылы	5,0	3	Фторопласт –4	10,0	3
Ксилол	50,0	3	Хлор	1,0	2
Минералды майлар	5,0	3	Хлорлы сутегі	5,0	2
Метилацетат	100,0	4	Хлорбензол	50,0	3
Бромды метил	1,0	1	Хлорпрен	0,05	1
Хлорлы метил	5,0	2	Циклогексан	80,0	4
Метилэтилкетон	200,0	4	Циклогексиламин	1,0	2
Нафталин	20,0	4	Циклопентадиен	5,0	3
Мұнай	100,0	4	Этилацетат	200	4
Көміртек тотығы	20,0	4	Этиленмеркаптан	1,0	2
Этилен тотығы	1,0	2	Этилтолуол	50,0	4
Пентафторбензол	5,0	3	Бромдық этил	5,0	3
Пентафторфенол	5,0	3	Хлорлы этил	50,0	4

Ауа алмасу L санын алдын ала есептеу бойынша бөлмедегі ауа алмасу еселігін $К_{об}$ (1/сағ) орнатамыз, яғни бір сағат ішінде қанша рет ондағы ауаны таза ауамен ауыстыру қажет, бұл үшін қарастырылып отырған зиянды заттың құрамы ШРК-дан аспауы керек:

$$K_{\text{об}} = \frac{L}{V} = \frac{2000}{40} = 50\ \frac{1}{\text{сағ}}, \qquad (5.2)$$

мұндағы, V - желдетілетін ғимараттың көлемі, $м^3$.

Содан кейін (5.3) формула бойынша желдету арналары қимасының жиынтық ауданын есептейміз:

$$\sum F = \frac{L}{15948*\psi\sqrt{\frac{h(\rho_н-\rho_в)}{\rho_н}}} = \frac{2000}{15948*0{,}5\sqrt{\frac{4(1.165-1.193)}{1.165}}} = 0.809\ м^2, \qquad (5.3)$$

мұндағы, Ψ - каналдардағы ауа қозғалысының кедергісін ескеретін коэффициент (әдетте Ψ =0,5);

h - сору каналдарының биіктігі, м;

$р_н$ - сыртқы ауаның тығыздығы, кг/м^3;

$р_в$ - ішкі ауаның тығыздығы, кг/м^3.

Ауа тығыздығы, кг/м^3:

$$\rho = \frac{353}{273+t}, \qquad (5.4)$$

мұндағы, t - тығыздықты анықтайтын ауа температурасы, °С.

Сыртқы ауаның тығыздығы:

$$\rho_н = \frac{353}{273+t} = \frac{353}{273+30} = 1.165\ кг/м^3.$$

Ішкі ауа тығыздығы:

$$\rho_в = \frac{353}{273+t} = \frac{353}{273+23} = 1.193\ кг/м^3.$$

Бір сору шахтасының қимасының ауданы дефлекторлардың нормаланған қатары ескеріле отырып, конструктивті түрде қабылданады. (5.5) формула бойынша арналар санын есептейміз:

$$\eta_{выт} = \frac{\sum F}{f}, \qquad (5.5)$$

мұндағы, f - шахта түбі қимасының ауданы, м^2.

Алдымен шахтаның түбі қимасының ауданын есептеу керек:

$$f = \frac{L}{3600*\upsilon} = \frac{2000}{3600*2.7} = 0.206\ м^2 \qquad (5.6)$$

$$\eta_{выт} = \frac{0.809}{0.206} = 3.927 \approx 4.$$

Бір дефлектор арқылы шығарылатын ауаның көлемі:

$$L_Д = \frac{L}{\eta_{выт}} = \frac{2000}{4} = 500\ м^3/сағ \qquad (5.7)$$

Дефлектордың түтігінің диаметрі:

$$D_{\text{П}} = 0.0188\sqrt{\frac{L_{\text{Д}}}{K_{\text{эф}}*\upsilon_{\text{е}}}} = 0.0188\sqrt{\frac{500}{0.4*2.7}} = 0.405 \text{ м} \qquad (5.8)$$

мұндағы, $К_{Эф}$ - тиімділік коэффициенті: ЦАГИ дефлекторлары үшін $К_{Эф}$ = 0,4, жұлдыз тәріздес үшін $К_{Эф}$ = 0,42;

$\upsilon_{\text{е}}$ - желдің орташа жылдамдығы, м/с (5.3-кесте).

5.3-кесте – Қазақстанның кейбір қалалары үшін сыртқы ауаның жылдамдығы мен орташа температурасының мәні [24]

Қалалар	$\upsilon_{\text{е}}$, м/с	$t_{суық}$, °С	$t_{жылы}$, °С
Ақтау	3,7	-24	30
Ақтөбе	1,8	-22	29,2
Алматы	2,7	-11	29,7
Астана	2,9	-23	27
Атырау	2,8	-25	32,1
Жамбыл	1,6	-7	31,9
Балқаш	4,0	-20	28,7
Қарағанды	2,7	-21	26,8
Көкшетау	3,9	-25	25,8
Қостанай	2,5	-24	26,7
Қызылорда	2,5	-18	34,1
Павлодар	2,6	-24	27,7
Петропавл	3,6	-24	24,9
Семей	2,6	-23	28,9
Талдықорган	1,9	-11	30,8
Орал	2,4	-19	29,5
Өскемен	2,4	-26	28,2
Шымкент	2,6	-6	33

